

Зейнеткерлер екі оттың ортасында қалмасын



3-БЕТ

Марат СПАТАЕВ,
Шымкент қаласының
Жастар ресурстық орталығының басшысы:

«Өз кәсібін бастаған жастар көп»



6-БЕТ

Қара нотариус



8-БЕТ

«ЗАН» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ

БІЗГЕ 30

1994-2024

• ДЕМОГРАФИЯ

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№88 (3717)
15 қараша 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛЕГИОНЕРЛЕР ЛЕГІ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?



Парламент отырысында қоғамда алаңдаушылық тудырған бірқатар мәселелер депутаттық сауалдарға арқау болды. Соның бірі футбол ойынына кетіп жатқан миллиардтаған теңге. Шыққан ізі ғана бар, өтеуі жоқ бұл қаржының қызығын легионерлер көріп жатқаны бұған дейін аз айтылмаған еді. Ең таңғаларлығы, олар тарапынан спортқа келіп жатқан жетістік жоқ.

(Соңы 3-бетте)

Бағдат ДӘУКЕНОВ,
уролог-андролог:

«МЕДИЦИНА ДАМУЫ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК»

– Бағдат Әзімбайұлы, әйелдер бедеулігі мен ерлер белсіздігі мәселесі өзектілігін жоймай отыр. Бұл мәселенің алдын алуда өзіңіз қызмет жасайтын Шымкент қаласындағы денсаулық сақтау мекемелерінде қандай іс-шаралар жүргізіледі?

– Ерлер мен әйелдер арасындағы бедеулік пен белсіздік мәселесінің алдын алу, халықтың оған қатысты сауаттылығын арттыру бағытындағы іс-шаралар республикалық деңгейде жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асырылады. Сондықтан бір нәрсені бөле-жарып мынау бізде ғана бар деу қиын. Меншік түріне қарамастан барлық денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері жалпы білім беретін мектеп оқушылары мен кәсіптік орта және жоғары оқу орындарының студенттерімен жоспарға сай түрлі кездесулер, жиындар мен семинарлар өткізіп тұрады. Мамандар барлық аурулардың алдын алу үшін уақыттылы скрингтік тексеруден өтіп, тұрақты түрде қаралып тұрудың қажеттілігін ұдайы ескертіп тұрады. Қазір бұрынғыдай емес, Шымкентте де мемлекеттік қана емес, жеке клиникалар да жеткілікті. Қаралам, емделем деген адамға барлық мүмкіндік қарастырылған.

– *Үгім-насихат жұмыстарының нәтижесі бар ма?*

– Әрине бар. Ақпараттық түсіндіру жұмыстары бір айлық, не бір жылдық мерзіммен шектелмеуі емес. Ол науқандық шара болып қалмай, тұрақты түрде, үздіксіз жүргізілген жағдайда ғана өз нәтижесін береді. Мәселен, бұрын мекемелерде тексеру ұйымдастырып, кездесулер, семинарлар өткізіп, фильмдер көрсетіп, ақпараттық хабарламалар таратумен шектелетін едік. Қазір әлеуметтік желілерде жарияланатын дыбыс және бейнежазбалар қаралым жағынан ғана емес, көп адамдардың өз еркімен тексеруге келуіне көбірек әсер етуде. Тәжірибеден байқағаным, біздің қаламызда ересектерге қарағанда, жастар арасында өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайтындар көп. Көпшілігі отбасын құрғаннан кейін көп уақыт балалы бола алмаған жағдайда ғана дәрігерге қаралып, тексеріске келіп жатады. Ал жастар арасында үйленбей тұрып тексеріліп, ауру белгілері байқалған жағдайда мамандардан кеңес алып, ем қабылдайтындар ұлғаюда. Бұл жақсы үрдіс.

(Соңы 5-бетте)

• ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

САУАТТЫ МӘТІН КЕРІ САЛДАРДАН САҚТАЙДЫ

Қолданыстағы тәртіп бойынша ведомстволық және жергілікті нормашығармашылықта мемлекеттік және орыс тілі қатар қолданылады. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу рәсімдері, бастамашылықтан бастап оларды нормативтік құқықтық актілер ретінде қабылдауға дейінгі барлық кезеңдер екі тілде қатар жүргізіледі.

Осындай параллельдік, мемлекеттілік пен ұлттық құқықтық жүйенің қалыптасу кезеңінде қажетті әрі орынды болған шығар. Өйткені құқықтық жүйе негізінен мемлекеттер одағының құқықтық базасына негізделді. Бір жағынан Конституция мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін белгілесе, екінші жақтан орыс тілі барлық достастық елдерінің құқықтық жүйесінің бастапқы тілі ретінде заңдардың «әрпін» және «рухын» жақсырақ бейнеледі деп саналды.

Сонымен қатар, соңғы бірнеше жылдағы ведомстволық нормашығармашылық тәжірибесін жинақтау мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің тең түпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері орын алғанын көрсетеді. Мұндай тәжірибе белгілі бір тәуекелдер мен қиындықтарға алып келеді және қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің сапасына теріс әсер етеді.

Атап айтқанда, әзірлеу және келісу процес-

терінде қазақ және орыс тілдеріндегі жобалардың мәтіндері арасында айтарлықтай сәйкессіздіктер анықталады. Сондай сәйкессіздіктер жалпы мағыналық ұқсастықты сақтай отырып, салыстырмалы түрде «шамалы» болуы мүмкін, бірақ кейбір жағдайларда тең түпнұсқалық шеңберінен шығып, олардың практикалық қолданылуына қатысты даулар туындауы мүмкін.

Мысалы, жобалардың бірінде кемелерді, яғни теңізде жүзу үшін қолданылатын кемелерді тіркеу нөмірлерін белгілеу мәселелері қарастырылған. Алайда мемлекеттік тілдегі жобаның редакциясы «автоматты түрде» аударма жасалғанын анық көрсетті. Өйткені «судов» сөзі мемлекеттік билік органы ретінде көрсетіліп, ол «соттарға» деп аударылған.

Басқа бұйрықта белгілі бір мемлекеттік қыз-

мет көрсетудің мерзімдерін орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерде әртүрлі белгілеген. Мәселен, қазақ тіліндегі жоба «30 жұмыс күні» деп қарастырылған, ал орыс тіліндегі мәтінде он бес жұмыс күні деп көрсетілген. Осы жоба бойынша біз бұйрық жобасы және оған қосымшалардағы мәтіндердің мемлекеттік және ресми тілдерде тең түпнұсқалығын қамтамасыз етуде тиісті ескертулер бердік.

Осындай мән-жайлардың тәуекелдерін дұрыс бағалау қажет. Олар сыбайлас жемқорлыққа жағдайды қоспағанның өзінде кедергілер туғызып, құқық қолдануды қиындатуы мүмкін.

Сәйкессіздіктерді анықтау және түзету әзірлеушілер мен мемлекеттік органдардың сараптамамен айналысатын қызметкерлерінің көп еңбек және уақыт ресурстарын қажет етеді.

(Соңы 4-бетте)

• БАҒДАР

РЕФОРМАЛАУДЫҢ ЕҢ ЖАРҚЫН НӘТИЖЕСІ

Ұлытау облысының көмелетке толмағандар істері жөнінде мамандандырылған ауданаралық соты Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап жүргізіліп келе жатқан сот-құқық жүйесін реформалаудың ең жарқын нәтижесі деп айта аламыз. Жалпы елімізде 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік декларациясында құқықтық мемлекет орнату қағидатының негізі қаланды. Ол қағидат 1993 жылғы алғашқы Конституциямызда да көрініс тапты. Ал, нақты іргетасы 1994 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалар» мемлекеттік бағдарламасында қаланды.

«Сот төрелігінің тәуелсіздігін күшейту туралы» ел Президентінің 2000 жылы 1 қыркүйектегі жарлығымен сот жүйесі Әділет министрлігінің құрамынан бөлініп шығарылды. Яғни, сот билігі атқарушылық биліктің қарамағынан алынып, өз алдына биліктің тармағы болды. Осы жылы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заңын қабылдау арқылы құқықтық реформаның алғашқы сатысы аяқталған болатын.

Одан кейін, сот жүйесін реформалаудың екінші сатысы мамандандырылған соттар құру басталды. 2002 жылы қыркүйекте алғашқы боп мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар өз жұмысын бастады. 2006 жылы мамандандырылған қаржы соты құрылып, шетелдік қаржы институттарымен арадағы азаматтық дауларда сот төрелігін жүргізуде өз жаңашылдығын енгізді. Ал 2012 жылы ақпанда көмелетке толмағандардың істері жөнінде мамандандырылған ауданаралық соттар өз жұмысын бастады. Бұл соттарды құрудағы негізгі мақсат – көмелетке толмағандардың құқығын қорғау, олардың істерін қарау барысында әділдікті қамтамасыз ету және арнайы құқықтық тәсілдерді қолдану. Ата-аналар тарапынан құқыққа қайшы әрекеттер немесе құқықтық бейқамдық орын алған жағдайда көмелетке толмағандардың ол проблемалармен жеке қалмағанын, он-

дай жағдайда қолұшын беретін мемлекеттік институт бар екенін сездіру болатын. Өз жұмысын атқару барысында бұл соттар сұранысқа сай екендігін көрсетті. Соңғы өзгеріске сай 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап отбасы-неке қатынастарынан туындайтын азаматтық істерді қарау ювеналды соттардың соттылығына берілді. Бұл елімізде отбасылық мәселелерді шешудің мемлекеттік негізде қолға алынғанын, отбасылық-тұрмыстық мәселелерді шешуде мамандандырылған соттардың тиімді жұмыс жасап жатқанын көрсетеді.

Ұлытау облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған сотының іс жүргізуіне 2024 жылы 2025 талап қою түскен, 310 талап қою қайтарылған. 529 іс шешім шығарумен аяқталып, 746 сот бұйрығы шығарылған, 303 талап қою қараусыз қалдырылған (көпшілігі неке бұзу туралы). 37 талап қою бойынша медиациялық келісім бекітілді. Барлық аяқталған істердің 865-сі мемлекеттік тілде қаралған. Есептік кезеңде мамандандырылған соттың іс жүргізуіне 22 қылмыстық іс, 18 әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс түсіп, мәні бойынша қаралып, сот актілері қабылданды.

Ұлытау облысының көмелетке толмағандар істері жөнінде мамандандырылған ауданаралық соты тек сот төрелігін жүргізіп қана қоймайды.

Судьялар мен мамандар облысымыздағы мәдени және қоғамдық шараларға



Жалғас АЙТЖАН,
ҚР Сот әкімшілігінің
Ұлытау облысы бойынша
департамент басшысы

белсене араласады. Ұлытау облысы білім басқармасының «Маруа Құлышева атындағы қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиеленушілерін мереке сайын құттықтап отыру дағдысы қалыптасқан. Себебі, көмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен бірге, сот ұжымы түрлі тағдыр талқысына түскен жасөспірімдерге рухани қолдау көрсетуді азаматтық борышы деп санайды.

Сонымен қатар, Жезқазған қаласы полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімі, ювеналды полиция тобы өкілдерімен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды толтыру ерекшеліктері тақырыбында, Сәтбаев қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен ата-ананың көмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізіліп, өңірдегі жас ата-аналар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша насихат жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.



Жанар Исаналия,
Ақтөбе қаласы тергесу сотының судьясы

делін күшейте түсері анық. Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бәрімізге ұлттық сана, азаматтық биік тұғыр, мемлекеттік идеология қажет. Еліміздің экономикасы мен әл-қуаты артып, саяси-әлеуметтік еңсесі көтерілген сайын, ұлттық тіл мен ұлттық рухымыздың да өскенін, ұлттық мүддемізді екінші қатардағы қосалқы дүниедей болып қалмауын қадағалау – бәрімізге парыз. Қазір біз тілдің дамуының бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алдық, өзімізден өзіміз талап ететін кезеңге жеттік. Қазақ тілі үшін бәріміз де қарыздармыз, сондықтан қолымыздан келген қамқорлығымыз бен көмегімізді өз тілімізден аянып қалмайық, өйткені тіл – біздің ертенгі ұрпақтарымыздың панасы.

• БАСТАМА

Мемлекет басшысы 2024 жылдың 5 шілдесінде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Осы заңдағы өзгерістерге орай 2025 жылы 1 шілдеден бастап елімізде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш кассациялық сот құрылмақ. Дербес кассациялық сатының жаңа моделі ретінде тәжірибеге енгізілгелі отырған бұл соттар заң үстемдігін қалпына келтіріп, сотқа деген сенімді нығайтуға негіз қалайды деп күтілуде.

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Астана қаласында жұмыс істейтін кассациялық соттарды ұйымдастыру, заңдағы өзгерістерді таныстыру, жаңа соттың жұмысын түсіндіру бағытында қазір ауқымды ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өйткені халықтың игілігі үшін жасалған оң бастамадан азаматтар жан-жақты хабардар болғаны жөн. Қолданысқа енгізілген заң өз миссиясын атқарған кезде ғана өміршен. Сондықтан Қызылорда облысы соттарының судьялары насихат жұмыстарынан шет қалмай, кассациялық соттардың маңызы, жұмыс істеу тәртібін таныстыру мақсатында түрлі жиындар, басқосулар ұйымдастырып, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен азаматтардың сауалына жауап беріп, мақалалар жариялауда.

Кассациялық соттардың төрағасы мен судьяларына қойылатын талап жоғары. Яғни, жаңа сотта жұмыс істеуден үміткер қазыларға арнайы талаптар мен міндеттер белгіленген. Бұл соттың негізгі құзыреті де айқындалған. Соған орай кассациялық соттар сот істері мен материалдарын кассациялық саты ретінде қарайды. Бұған қоса сот практикасын зерделеп, бірінғай тәжірибе қалыптастыра отырып заңдылықты сақтаудағы мәселелерді анықтайды.

Кассациялық сот істі мәні бойынша қайта қарамайды. Бұл сотта дәлелдемелер бағаланбағанымен, құқық нормаларын қолданудың дұрыстығы жан-жақты тексеріледі. Төменгі сатыдағы соттардың жіберген қателіктерін анықтағаннан кейін, кассациялық сот олардың шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі жаңа қарауға жіберуі не-



Болат ПАЗЫЛОВ,
Жаңақорған аудандық
сотының судьясы

се жаңа шешім шығаруы мүмкін. «Таңдап қарайтын кассациядан» «жалпылама қарайтын кассацияға» ауысу азаматтардың құқығын қорғау, сотқа деген сенімді нығайту мүмкіндігін арттырды.

Жаңа бастама қоғамға, жалпы отандық сот жүйесіне үлкен өзгеріс алып келді. Конституциялық заңның қолданысқа енгізілуі кассациялық соттардың құрылуына ғана жол ашып қоймай, құқықтық иерархияның басында тұрған Жоғарғы Соттың рөлін өзгертті. Жоғарғы Сот енді сот тәжірибесін зерттеуге және жалпылауға, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелеріне назар аударады.

Дербес кассациялық соттарды құру сот төрелігін іске асыру сапасын жақсартуға, сот сатыларының әрқайсысының жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• МІНБЕР

СОТТАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫНА САЙ

Әділетті Қазақстанның тірегі – әділетті, ашық, қолжетімді сот. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республика судьяларының IX съезінде: «Әділ сот мемлекеттің тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуға тиіс».

Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды», – деді. Расында, елдегі әділдікке, тура төрелікке, құқықтық теңдікке қатысты оң көзқарастың орнығуына сот жұмысының ықпалы зор. Жаңа Қазақстанның жаңа ұстанымына сәйкес келетін сот жүйесін қалыптастыру үшін тәуелсіздік алғалы бері түрлі жаңғырту, жаңа реформалар мен бастамалар үздіксіз қолға алынып келеді. Мұндай жаңашылдықтарды жүзеге асыруға заманауи өзгерістер мен қоғамдық қажеттіліктер, халықтың талап-тілегі түрткі болғаны ақиқат. Отандық сот осы сұраныстарға сай болу үшін үнемі даму үстінде.

Сот жұмысының нәтижесі, судьялар қызметінің сапасы азаматтардың берген бағасына, айтқан пікіріне қарай қалыптасады. Бүгінгі жаңғыртулардың өзегі де осы пікірлерді негіз етеді. Мысалы, алдағы жылдан бастап елімізде үш кассациялық соттың құрылып, жұмыс істейтіні белгілі. Мұндай бастаманың енгізілуіне көпшілік тарапынан айтылған сын-ескертпелердің түрткі болғаны, даулар мен арыз-шағымдарды әділ шешуге деген ынтаның әсер еткені белгілі. Өйткені, бұған дейін Жоғарғы Соттағы кассациялық саты таңдап қарау әдісімен жұмыс істеді. Бұл еліміздің Конституциясындағы «Әрбір азамат өз құқығын сот арқылы қорғауға құқылы» деген өлшемшартқа қайшы келетін еді. Жаңа кассациялық соттарда мұның бәрі заңнамалық тұрғыда реттелген.

Соған орай 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қызметіне кірісетін үш кассациялық сот төменгі саты шығарған сот шешімдеріндегі заң нормаларының сақталуын бақылап, заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуін қадағалайды. Үш кассациялық сот төрелік алаңындағы соңғы шешуші инстанция қызметін атқарады. Сәйкесінше кассациялық соттар төменгі сатыдағы соттың шығарған шешімін заңсыз немесе негізсіз деп тапса, шешімнің күшін жойып, істі соттың талқылауына қайта жібереді немесе түпкілікті шешім қабылдайды. Мұндай жүйенің орнығуы сот шешімдерінің сапасын жақсартып, әділдік алаңында біркелкі тәжірибенің қалыптасуына жол ашады. Істі кассациялық сотта қарағаннан кейін шешімге шағымдануға жол берілмейді.

Міне, жаңа Қазақстанды орнықтырудағы лайықты қадамның бірі болып отырған кассациялық соттар – қарапайым халықтың ұсыныс-тілегінің жемісі. Азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін жоғарылатуда аталған соттар үлкен маңызға ие.

Райхан ЕРЖАНОВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

• ҚҰНДЫЛЫҚ

ҰЛТ ТІЛІНІҢ КЕМИ БАСТАУЫ ҰЛТТЫҢ ҚҰРИ БАСТАУЫНЫҢ БЕЛГІСІ

Тіл – ұлттың тірегі. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деуі тегін айта салған сөз емес. Ол біздің тіліміздің мәртебесін, ұлттық құндылығымызды сақтап қана қоймай, оны дамыта беруге арнаған көрегендік және сыни көзқарасы деп түсінеміз.

Тіл – тәуелсіздіктің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің айнасы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда ана тілімізге оң көзқарас қалыптасып келе жатыр. Ана тіліміз шын мәнінде ұлттық саясаттың негізі, түп-тамыры десек, тілімізге басымдық беріліп, барлық салада басты тілге айналғаны жөн.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаевтың: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмауы тиіс» дегені есімізде. Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілік пен ыстық ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпы халықтық мүдде кеңістігіне шығуы шарт. Жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу

– біздің яғни, аға буын өкілдерінің парызы деп білемін. Сонда ғана туған тіліміз қоғамның барлық саласында сұранысқа ие болары сөзсіз. Осы орайда 5 қыркүйек қазақ тілі білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай республикамызда тілдер күні болып бекітілгені баршамызға аян. Бұндай шешім тіл мәртебесін көтеруге қосылған сүбелі үлес деп білеміз.

Тілді дамытудың жолдары аз емес. Халықаралық келіссөздердің көпшілігін мемлекеттік тілімізде жүргізу, жоғары оқу орындарындағы қабылдау емтихандары мен оларды бітірер кездегі мемлекеттік емтихандардың қатарына қазақ тілінің де енгізілуі, республикалық кеңестерді қазақ тілінде өткізуге көшу, іс қағаздардың мемлекеттік тілде жүргізілуінің белгілі бір нормаларын белгілеу сияқты шаралар қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттырып, бе-

ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСІН!

Мемлекеттік тілге деген құрмет қазақша таза сөйлеумен шектелмейді. Сот жүйесіндегі іс қағаздарын мемлекеттік тілде талапқа сай сауатты жазу, талапкерлер мен жауапкерлерге белгіленген уақыттан кешіктірмей толыққанды жауап беру секілді көзге көріне бермейтін, бірақ үлкен жауапкершілікті жүктейтін жұмыстарды мұқият атқарумен де өлшенеді. Бұл орайда өзін еңбек ететін Алакөл аудандық №2 сотының ұжымын үлгі тұта аламын.

Төраға да, қатардағы судья да аудандық сотқа келіп түскен істерді мемлекеттік тілде қарап, заңнама талабына сай шешімдер мен қаулылар, ұйғарымдар шығаруға әбден төселіп алған. Заң талабы бойынша сотқа арыз қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Тағы бір айта кетер жайт, ауданымызға түрлі себептермен көшіп келіп, тұрақтап қалған өзге ұлттардың бүгінгі ұрпағы да қазақ тілін жетік меңгерген.

Сондықтан өмір қажеттілігіне орай сотқа арыз түсіру мәселесі туындап жатса, барлығы арызды қазақ тілінде

түсіреді. Мұны мемлекеттік тілге деген құрмет деп санаймыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнатып, күшіне енген заңнамаларды дер кезінде біліп, қызметімізде пайдалану төл міндетімізді мінсіз атқаруда көп көмегін тигізеді. Сот жүйесіндегі білімі терең, тәжірибесі мол әріптестеріміздің мақалаларын, сұхбаттарын оқығанда әр қызметкер өзіндік ой түйе білетіні анық. Сондықтан мерзімдік басылым дегенде біз республикалық «Заң газетінің» тұрақты оқырманына айналғанбыз. Кеңсемізде газет тігіндісін жасап, басылымда көтерілген мәселелерді ұжым болып талқылау да қалыпты үрдіс саналады.

Мемлекеттік тілде іс жүргізу, жалпы заңнама талабына сай қызмет көрсетуде біздің аудандық сот тек жақсы қырынан көрінуде. Өйткені, басшылықтың талап етуі бойынша әу баста негізгі дұрыс қаланған. Ендігі міндет – мемлекеттік тілде мінсіз қызмет ету болып саналады.

Бақытгүл ОРДАШЕВА,
Алакөл аудандық №2 соты әкімшісінің басшысы
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛЕГИОНЕРЛЕР ЛЕГІ ҚАШАН ТОҚТАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халықтың табысынан құралған есіл ақша құмға сіңген судай болуда. Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының мүшелері Бас прокурор Асылыов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік төрағасы Жұмағали, Спорт министрі Мырзабосыновқа жолдаған сауалында осы мәселені төтесінен қойды.

«Ақ жолдың» 2021 жылы жасаған футболға кетіп жатқан сансыз миллиардтар туралы сауалы қоғамда үлкен резонанс тудырған болатын. Қазақ қазынасы арқылы байып отырған шетел легионерлері шеруін тоқтату туралы талабы да қоғамның қатты қолдауына ие болды.

Депутаттық сауалда спорт саласындағы қаржы талан-таражына қатысты осы және өзге де сорақылықтар нақты мәліметтермен келтіріліпті. Мәселен, 2018–

2020 жылдары спорттың барлық түрлеріне 646 млрд теңге бөлінсе, оның 72 пайызының еліміз үшін басымдығы мен маңызы жоқ боп шықты. Демек, 3 жылда 500 млрд-тай ақша далаға кеткен. Ал 30 жылға көбейтсек, бұл, 15 триллион болады. Мұның бәрі елдің жылдық бюджетінің 70 пайызына тең қаржы. Тек 6 жыл ішінде, яғни, 2018–2023 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы 4 кәсіптік клубқа 138 млрд теңге бөлген.


Халық қаржысын дәл осылай футболға шашып отырған Қазақстан секілді ел әлемде жоқ екен. Бюджеттен қалтасынан қыруар қаржы бөлетіндей футбол мемлекеттің ең маңызды мәселесі ме? Соған қарамастан Қазақстанда ең көп жалақы алатындар – футболшылар. Бір легионер 55 млн теңге айлық алған екен. Футболды дамысын деп қанша қаржы бөлсек те, футбол емес, жемқорлық дамып жатыр. ФИФА рейтингісі бойынша 110-130-шы соңғы орындамыз. Ал төрт ойында қақпасына 8 гол кіргізіп ойсырай ұтылған, бір де бір жеңіске жетпеген футболдан ұлттық құраманың бас бапкері, ресейлік Черчесовке Барменқұлов басқаратын футбол федерациясы 640 млн теңге төлейді дейді. Бұл біз Черчесовке қарсыластың емес, біздің ұлттық құраманың қақпасына салғызған әр голы үшін 80 миллион теңге төлеп отырмыз деген сөз. Ал футболдағы №1 жемқорлық қылмыс болып саналатын «келіскен ойындар» саны бойынша әлемдік рейтингте алдыңғы 4-орындамыз. Енді олар Олимпиадада, Тур де Франс, Джиро де Италия жарыстары этаптарында ешқашан Қазақстан туын көтерген емес. Олар тек өз елдерінің туын көтеріп, әнұранын айтады. Сонда қалай, біз қазақтың миллиардтарын аямай шашамыз оларға, олар өз елдерінің атын шығарады ол ақшаға!? Мұндай қорлыққа Қазақстаннан басқа қай ел көнеді!?

Осылар жайлы айта келіп, ақжолдықтар «Миллиардтар жұмсалып жатқан қазақ футболында гол жоқ, ал ауылдарда жол жоқ! Гол санмайтын, тек халық қазынасына қол салатын, қол салғанда мол салатын футболға миллиардттарды босқа шашуды тоқтата-тын уақыт жетті» деп Бас прокуратура мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттікке барлық спорт федерациялары мен кәсіптік спорт клубтарына ревизия жүргізуді талап етті. Шын мәнінде кәсіби спорт, фут-

бол – бизнес. Сондықтан, бюджетке байланған футбол және басқа да кәсіптік клубтардың барлығын жеке-шелендіріп, мемлекеттен қаржыландыруды тоқтату қажет. Мемлекет қаржысы балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, ұлттық спортқа, бұқаралық спортқа жұмсалуды керек.

Жиында аманаттықтар да өзекті мәселені көтерді. депутат Дәулет Мұқаев өзінің Премьер-Министр Олжас Бектеновке жолдаған сауалында жастардың арасында квадербас атауымен белең алып бара жатқан субмәдениетке қатысты сауал жолдады. «Алыстан ойламаған, жақыннан уайым табады» деп, халқымыздың даналығын айтып сөз бастаған халық қалаулысы адам болудан бас тартып, күнделікті өмірде өздерін жануарларға теңеп, төрт аяқтап жүріп, жануар кейпіндегі бетпердемен жүретін, итше, мысықша өмір кешуге ұмтылатын жастардың пайда болғанын қинала

Шын мәнінде кәсіби спорт, футбол – бизнес. Сондықтан, бюджетке байланған футбол және басқа да кәсіптік клубтардың барлығын жеке-шелендіріп, мемлекеттен қаржыландыруды тоқтату қажет. Мемлекет қаржысы балалар мен жасөспірімдер мектептеріне, ұлттық спортқа, бұқаралық спортқа жұмсалуды керек.



жеткізді. Депутаттың айтуынша, олардың тарапынан тек сыртқы кейіпті өзгертіп қана қоймай, иттерге тең әрекеттер жасап адамдарға шабуылдау, яғни, тырнау, тістеу фактілері тіркелген. Дәл бұл оқиғалар көрші Ресей және Өзбекстанда жиі орын алады екен. Ең қорқыныштысы, әлеуметтік желілерде квадербас болуды үйрететін топтар, жабық арналар пайда болып, арнайы сабақтар да ұйымдастыруда. Бұл бір қарағанда балалық қылық деп қабылдағанмен, балалардың психологиясы мен әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізуде. Батыс елдерінде балалар сабақта сөйлеуден бас тартып, жануарша дыбыстауды шығарған. Бұл субмәдениет өкілдеріне арнап арнайы кештер ұйымдастырылатын болған. Сонымен қатар, квадербас болуға қажетті заттарды сату жаңа бизнес көзіне айналып, интернетте жоғары бағада сатылуда. Ең қиыны, балалар бұл ойыннан психологиялық зардап шегіп, адам болудан қалады. Адамдық проблемалардан қашып, жануар болуға әуестенеді.

Осыны айтқан депутат бұл үрдістің алдын алма-сақ, білдей бір ұрпақтан айырылу алдында тұрғанымызды айтып дабыл қақты. Өйткені, бала бойына адамдық құндылық ұялатудың орнына, кері кету процесі алға шықты. Сондықтан әлем елдері де бұған айрықша алаңдаушылық танытып, балаларға ерекше көңіл бөлуге шақыруда. Балалардың бұл дүниеге қызығушылығын байқаған ата-аналарға оған атүсті қарамай, дереу әрекет етуді ескертуде. Бұл тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның және мемлекеттің назар аударарлық мәселесі. Бүгінде Ресейде бұл мәселе бойынша заң қабылдау талқыланса, Өзбек халқы ата-анаға міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін айыппұл салу мәселесін қолға алған. Біздің елде де құзырлы органдар, бұл мәселені жан-жақты зерттеп, алдын алу үшін кешенді шаралар қабылдауды тиіс.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

• ТАЛҚЫ

АККРЕДИТАЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕЙ МЕ?

2024 жылдың 11 қарашасында Астана соты қазақстандық журналистердің Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарсы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартты. Бұл талап-арыз елдегі жаңа аккредитация ережелеріне байланысты қозғалған болатын. Журналистер бұл жаңа ережелер ақпаратқа қол жеткізу мен оны жеткізуде қиындықтарын шектейтінін айтып, сотқа шағымданған еді. Алайда, сот бұл ережелер журналистердің құқықтарын бұзбайды деп шешім шығарды. Бұл ережелер журналистер арасында үлкен алаңдаушылық туғызды.

Медиа құқық саласының маманы, заңгер Әлия Жұмабаева осыған байланысты былай дейді:

«Бұл ережелер журналистерге ақпарат алуға қойылатын қосымша шектеулерді енгізеді. Әрбір журналист аккредиттелген ұйымнан рұқсат алу қажет болғанда, бұл олар-

дың тәуелсіз қызметіне кедергі жасай алады. Мысалы, кейбір мемлекеттік мекемелер тек таңдаулы ақпарат құралдарына ғана аккредитация беруді ұйғаруы мүмкін. Бұл – ашық ақпарат алу құқығына нұқсан келтіреді».

Медиа саласының қорғаушылары, оның ішінде «Adil Soz» сөз бостандығын қорғау қоры мен «Медиа колдау» заңдық қызметінің басшылары жаңа ережелер тәуелсіз журналистиканы шектеу қаупін арттырады деп санайды. «Adil Soz» басшысы Қарлығаш Жаманқұлованың айтуынша, бұл ережелер журналистерге ақпаратқа қол жеткізуді шектеудің жаңа құралына айналуы мүмкін. Сонымен қатар, халықаралық құқық қорғаушы ұйымдар мен Журналистерді қорғау комитеті (CPJ) де Қазақстанның бұл қадамдарын сынға алды. Олардың мәліметінше, жаңа аккредитация ережелері журналистердің экономикалық еркіндігін шектеп, олардың бірнеше медиа ұйымдармен

жұмыс істеу мүмкіндігінен айырады, бұл сөз бостандығын шектеуге алып келуі мүмкін.

Қазақстандағы жаңа ережелерді халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, кейбір елдерде де журналистер үшін аккредитация талап етіледі. Алайда, бұл талаптар сөз бостандығына нұқсан келтірмеу үшін барынша икемді түрде іске асырылады. Мысалы, Германия мен Францияда аккредитация талаптары бар, бірақ олар журналистердің ақпарат алу құқығын шектемейді және олардың еркіндігіне қол сұқпайды. Қазақстанда енгізіліп отырған талаптардың сынға ұшырауы, негізінен, бұл нормалардың тәуелсіз журналистиканы шектеуге бағытталғандығынан туындап отыр.

Жаңа аккредитация ережелері Қазақстандағы журналистердің ақпарат тарату еркіндігіне тікелей әсер ете ме, жоқ па деген сұрақ әлі ашық күйінде қалуда.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

• ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Қазақстанның еңбек нарығында зейнеткерлікке шыққан азаматтардың жұмысқа орналасуы – аса өзекті тақырыптардың бірі. Еңбек министрі Светлана Жақыпова жақында жұмыс істейтін зейнеткерлерге қатысты пікір білдірді.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЕКІ ОТТЫҢ ОРТАСЫНДА ҚАЛМАСЫН

Министрдің айтуынша, зейнет жасына жеткен көптеген азаматтар жұмысын жалғастырып, зейнетақы мен жалақыны қатар алып отыр. Осыған байланысты, бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдерін олар толық зейнетке шыққанға дейін тоқтата тұру ұсынылған. Үнемделген қаражатты 55 жасында зейнетке шығуды қалайтын азаматтарға бағыттау мүмкіндігі қарастырылуда.

Жақыпованың ұсынысы: экономикаға көмектесе ме, әлде халыққа қиындық тудыра ма?

Жақыпова бұл ұсыныспен ел экономикасына айтарлықтай жеңілдік әкелуге болады деп санайды. Оның айтуынша, жұмыс істейтін зейнеткерлерге зейнетақы төлемеу арқылы бюджет қаражаты үнемделіп, сол қаражатты басқа әлеуметтік бағдарламаларға бағыттауға мүмкіндік туады. Дегенмен, мұндай өзгеріс көптеген азаматтар үшін қосымша қиындықтар туғызуы ықтимал. Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда 65 жастан асқан және әлі де еңбек етіп жүрген зейнеткерлер саны 82,7 мың адамды құрайды және бұл көрсеткіш соңғы үш жылда 26,6%-ға өскен. Жұмыс істейтін зейнеткерлердің көпшілігі ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы сияқты салаларда еңбек етеді. Зейнетақы – бұл тек жалақыға қосымша қаржы ғана емес, ол – қарттыққа арналған заңды әлеуметтік қорғау құралы. Сондықтан бұл мәселе тек қаржылық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік әділеттілік және зейнеткерлердің құқықтары тұрғысынан қаралуы қажет.

Жақыпованың бұл пікірі қоғамда кеңінен резонанс тудырды. Әсіресе, зейнетке шыққан, бірақ қосымша табыс үшін жұмысын жалғастыруға мәжбүр болған азаматтар

тарапынан. 63 жастағы зейнеткер, бұрынғы педагог Ақжүніс Бейсенова апайдан осы тақырыпта пікірін сұрады: «Мен зейнетке шықсам да, әлі күнге дейін мектепте қосымша сабақ беремін. Өмір сүруге қажетті қаражатты тек зейнетақымен қамтамасыз ету мүмкін емес. Жыл сайын азық-түлік, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтердің бағасы өсуде. Зейнетақы мен үшін – жылдар бойғы еңбегімнің өтеуі, мемлекет алдында адал еңбек етіп, салық төлеп, міндетімді орындадым. Енді неге зейнетақымыз алып тастау керек? Егер бұл өзгеріс енгізілетін болса, көптеген зейнеткерлерді табыссыз қалдыруы мүмкін. Бұл – әділетсіздік,» – деді ол.

Ақжүніс апай сияқты көптеген зейнеткерлер үшін жұмыс істеу тек қажеттілік емес, сонымен қатар олардың қоғамдағы белсенді рөлін сақтаудың бір жолы. Олар үшін зейнетақы – өмір сүрудің маңызды көзі. Қарттыққа шыққанда өздерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін жұмысқа мәжбүр болса, бұл елдегі әлеуметтік саясаттағы олқылықтардың бір көрінісі емес пе?

Экономист-сарапшылардың пікірі бойынша, зейнеткерлікке шыққан азаматтардың зейнетақы мен жалақыны біріктіруі олардың өмір сүру деңгейін жақсартуға септігін тигізеді. «Мұндай қадам қарт адамдардың қоғамда белсенді рөл атқаруын сақтауға мүмкіндік береді. Егер зейнеткерлер жұмысқа шыкса, зейнетақы алмайсың деп талап қойылса, бұл азаматтардың таңдау құқығына шектеу қою болады,» – деп атап өтті экономист Айнагүл Үсіпбекова

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• КӨКЖИЕК

ЖАҢАНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ЖОБАЛАР



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ҚазҰУ) Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші білім және ғылым орталығы ретіндегі позициясын нығайтуды жалғастыруда. Университет жыл сайын озық технологияларды дамытуға, тұрақты дамуға және мамандардың жаңа буынын даярлауға бағытталған жобаларға бастамашылық жасайды. Біз университет пен елдің болашағын айқындайтын ең маңызды жобаларды ұсынамыз.

«Smart Campus» жобасы – ҚазҰУ «Smart Campus» жобасын белсенді түрде жүзеге асыруда, оның мақсаты студенттер мен оқытушылар үшін қолайлы жағдайлар бар заманауи цифрлық кампус құру. Бұл жоба ыңғайлылықты, қауіпсіздікті және энергияны үнемдеуді қамтамасыз ету үшін автоматтандырылған басқару жүйелері мен smart технологияларды пайдалануды қамтиды. Кампус әкімшілік, кітапханалар мен зертханалар үшін цифрлық шешімдерді, сондай-ақ онлайн оқу орындарын қамтиды.

Әлемдік деңгейдегі зертханалар: Al-Farabi Innovation Lab жобасы аясында биотехнология, нанотехнология және ақпараттық технологиялар зертханаларын қамтитын

жоғары технологиялық зертханалар ашылды. Бұл орталық денсаулық сақтау, экология және тұрақты даму салаларындағы жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған зерттеулер үшін құрылған. Зертханаларда жұмыс істейтін студенттер мен оқытушылар соңғы үлгідегі жабдықтарға қол жеткізе алады және халықаралық ғалымдармен бірлесіп жұмыс істей алады.

«Al-Farabi StartUp Hub» стартап-инновациялық орталығы – ҚазҰУ Al-Farabi StartUp Hub жобасын іске қосу арқылы өздерінің кәсіпкерлік идеяларын дамытуға ұмтылатын студенттерге белсенді түрде қолдау көрсетеді. Бұл жас кәсіпкерлер өз жобаларымен жұмыс істей алатын, сарапшылардан кеңес алатын, сондай-ақ

әлеуетті инвесторларды іздейтін стартап орталығы. Бұл жоба аясында ҚазҰУ студенттерге идеяны дамытудан оны коммерцияландыруға дейін көмектеседі.

Жаһандық білім беру серіктестігі бағдарламасы – Жаһандық білім беру серіктестігі жобасы ҚазҰУ-дың халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған. Университет Еуропаның, Азияның және АҚШ-тың жетекші университеттерімен серіктестікті белсенді түрде дамытып келеді, бұл студенттер мен оқытушыларға алмасу бағдарламаларына, бірлескен ғылыми зерттеулер мен халықаралық білім беру жобаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ҚазҰУ-дың халықаралық позициясын нығайтуға және түлектерінің халықаралық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы өршіл жобалармен ҚазҰУ көшбасшылар мен мамандардың жаңа буынын дайындай отырып, инновациялар мен тұрақты дамуға деген ұмтылысын растайды. Университет Қазақстанның дамуына және халықаралық аренадағы позициясын нығайтуға елеулі үлес қосуға ұмтылады.

Абылайхан АБДИМУМИНОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті экономика мамандығы бойынша магистратура студенті,
С. КОНДЫБАЕВА,
э.ғ.к.,
Л. БИМЕНДИЕВА,
доцент

• ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

САУАТТЫ МӘТІН
КЕРІ САЛДАРДАН САҚТАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттік және ресми тілдердегі мәтіндердің тең түпнұсқалығын қамтамасыз ету әзірлеуші мемлекеттік органдардың міндеті болып табылатынына қарамастан, бүгінгі таңда жобалар мәтіндерінің тең түпнұсқалығын қамтамасыз ету жұмысына құқықтық сараптама жүргізетін сарапшылар да тартылуда. Себебі, жоғарыда аталған мысалдар сәйкессіздіктердің көп жағдайда әдеттегі стильдік, грамматикалық тең түпнұсқалық бұзушылықтар шегінен шығып, нормативтік құқықтық актімен реттелетін субъектілер үшін мүлдем әртүрлі құқықтық салдарға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

Бұл ретте, «Құқықтық актілер туралы» заң қабылданған нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің тең ұтымды сәйкеспеу мәселелерін реттемейді, өйткені олардың толық тең түпнұсқалығы көзделінеді. Алайда, егер қолданысқа енгізілген нормативтік акт екі тілде әртүрлі нормаларға ие болса, құқық қолданушы немесе соттың оларды қалай қолданатынын елестету қиын.

Сондай-ақ соңғы уақытта заңнама ережелерін тұжырымдау кезінде мемлекеттік тілді неғұрлым ұтымды пайдалану бойынша «кері» үрдіс байқалатынын атап өткен жөн. Мәселен, «Сауда қызметін реттеу туралы»



заңның 7-бабы 2-4) тармақшасында таңбалануға жататын тауарлар тізбесі мен «оның» енгізілу күні айқындалады. Бұл жағдайда орыс тіліндегі мәтінде құзыреттілік дұрыс белгіленбеген, себебі логикалық тұрғыдан «оның» сөзі «тізбеге» емес, «күнге» қатысты қолданылуы тиіс. Ал қазақ тіліндегі тұжырымы заң шығарушылар белгілеген норманы дұрыс жеткізеді – «таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оның енгізілетін күнін айқындайды». Ресми тіліндегі мәтінде жіберілген қателік қазақстандықтардың орыс тілін қазақ тіліне қарағанда жақсырақ меңгергендігі

туралы стереотипке қарамастан, кері жағдайлардың да жиі кездесетінін көрсетеді.

Бұдан басқа, семантикалық құрылымның ерекшеліктеріне байланысты кейбір жағдайларда қазақ тіліндегі мәтін орыс тіліндегі мәтінге қарағанда норманың мәнін дәлірек және неғұрлым айқын жеткізеді, ал орыс тіліндегі мәтін көбінесе әртүрлі түсіндіруге бейім болып келеді.

Бұған мысал ретінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 83-бабы 2-тармағын келтіруге болады. Осы нормаға сәйкес: «Иностранцы и лица

без гражданства, временно пребывающие в Республике Казахстан, лица, ищущие убежище, имеют право на получение гарантированного объема бесплатной медицинской помощи при заболеваниях, представляющих опасность для окружающих, по перечню и в объеме, определяемых уполномоченным органом, если иное не

предусмотрено законами Республики Казахстан или международными договорами, ратифицированными Республикой Казахстан».

Орыс тіліндегі осы уәкілетті органның құзыретін былайша түсіндіруге болады: 1) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесін және медициналық көмектің көлемін анықтау құзыреті ретінде немесе: 2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде медициналық көмек көрсету тізбесі мен көлемін анықтау құзыреті ретінде.

Ал қазақ тіліндегі: «Қазақстанда уақытша болатын шетелдіктер мен

азаматтығы жоқ адамдардың, баспана іздеген адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқығы бар» деген мәтінде «тізбе» мен «көлем» сөздері сөйлем құрылымына сәйкес тек «медициналық көмектің көлеміне» ғана қатысты қолданылған.

Егер аурулар тізбесіне қатысты құзырет осы кодекстің 196-бабында жеке белгіленгенін ескеретін болсақ, қазақ тіліндегі мәтін уәкілетті органның құзыретін дұрыс анықтап отыр.

Келтірілген мысалдар мен заңнамалық актілердің ережелері нормативтік құқықтық актілер жобаларын бір тілде сапалы әзірлеудің және оларды мүдделі мемлекеттік органдармен келісудің мақсатқа сай екенін көрсетеді.

Мұндай тәсіл қабылданатын заңға тәуелді актілерде тілдік мәселелерді және нормаларды түсіндіруге қиындықтарды болдырмайды, нормативтік құқықтық актілердің «оқылымдылығын» жақсартыды. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың еңбек ресурстары техникалық рәсімдерге емес, құжаттармен мазмұнды жұмысқа қайта бөлінетінін ескеру маңызды.

Сонымен қатар, нормативтік құқықтық актілерді қабылдас бұрын бір тілде әзірлеп, қабылдар алдында аударуды қамтамасыз ете отырып олардың екі немесе одан да көп тілде ресми жариялануын жокқа шығармайды және ҚР Конституциясы мен тілдер туралы заңнамаға қайшы келмейді.

Сандұғаш АЛИКУЛОВА,
ҚР Әділет министрлігі
нормативтік құқықтық актілерді
мемлекеттік тіркеу департаменті
Ақылмен реттеу
басқармасының басшысы

• САРАП

Соңғы кездері Қазақстанда кассациялық соттарды құру тақырыбы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен айтылып жүр.

«Кассация» ұғымы (латынша cassatio «күшін жою») заңды күшіне енген сот қаулыларының заңдылығын жоғары тұрған соттардың тексеруінде көрініс табатын құқықтағы процестік әрекет. Кассациялық іс жүргізу тиісті процестік заңнамасының (азаматтық, қылмыстық және т.б.) негізінде жүзеге асырылады.

СОТ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ
ЖОҒАРЫЛАТАДЫ

ҚР Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылдың 5 шілдесінде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті қоғам. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылған тапсырмаларын орындауға бағытталған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жаңа реформаның басты мақсаты – әрбір сот сатысының тиімділігін арттыру. Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы мен азаматтардың сотқа деген сенімінің деңгейі осыған байланысты.

Бүгінгі күні төрт сатылы сот жүйесі бар: бірінші саты, облыстық соттардағы апелляциялық және ҚР Жоғарғы Сотындағы кассациялық саты. Егер бірінші сатыда судья істі жеке қараса, облыстық сотта және ҚР Жоғарғы Сотында істерді құрамдағы үш судья қарайды. Төртінші саты ҚР Жоғарғы Соты төрағасының ұсынуы бойынша, ұсыну енгізілген жағдайда, құрамдағы жеті судьямен қаралады.

Енді сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша сот актілері мен өтініштерді қайта қарауда бірыңғай

қағидаларын енгізу ұсынылып отыр. Мысалы, егер қазір азаматтық істер бойынша сот актісін кассациялық сотта қайта қарау өтінішхаты кассациялық сатыдағы бір судьямен алдын ала зерделеніп, содан соң ҚР Жоғарғы Соты құрамдағы үш судьяның қарауына негіз болған жағдайда ғана жіберіледі, ал кассациялық соттар құрылғаннан кейін өтінішхат емес, бірден кассациялық шағым ұсынылатын болады, ол автоматты түрде мәні бойынша үш судьямен қаралады.

Егер қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде «таңдамалы» деп аталатын кассациялық үлгі қолданылса, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануына байланысты әкімшілік әділеттің қазіргі тәжірибесінде «үздіксіз» кассациялық үлгі қолданылады.

Сот төрелігін жүзеге асырудағы тұлға судья болғандықтан және оған Қазақстан Республикасының атынан сот төрелігін жүзеге асыруда орасан зор жауапкершілік жүктелгендіктен, заңда судья болғысы келетін азаматқа тиісті өлшемдер айқындалған.

Жаңадан құрылатын кассациялық сатыдағы судья да аудандық, облыстық сот судьясына қойылатын талаптарға сай болуы, сонымен қатар заңгерлік кәсібі бойынша кемінде 18 жыл жұмыс өтілі немесе кемінде 8 жыл судьялық жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта 3 жыл судьялық жұмыс өтілі бар болуы керек.



Нұрлан ИБРАЕВ,
Павлодар облыстық сотының
судьясы

Аудандық сот судьясына қойылатын талаптарға сай келетін, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар, оның кемінде 10 жылы судьялық жұмыс өтілі болатын, оның ішінде 5 жыл облыстық соттағы судьялық жұмыс өтілі бар, сондай-ақ Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қорытындысын алған азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады.

Жоғарыда аталған судьяларға қойылатын талаптар жоғары тұрған соттардың лауазымдарына тағайындау үшін заң шығарушының заңгерлік кәсібі бойынша жұмыс өтіліне, төмен тұрған соттардағы жұмысына және судья ретіндегі жалпы еңбек өтіліне назар аударатынын көрсетеді.

Жаңадан қабылданған заңда өтініштерді қайта қарауда бірыңғай қағидаларды енгізіп тәуелсіз деңгейде жұмыс істейтін үш сатыны (аудандық сот, облыстық сот, кассациялық сот) құру ұсынылып отыр.

ҚР Жоғарғы Соты сот тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз етуге баса назар аударатын болады.

• КОДЕКС

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазіргі таңда мемлекет пен азаматтар арасындағы даулар әкімшілік соттардың қарауына өтті. Осы орайда атап өтер жайт, қоғамымыз алға басып, құқықтық жағынан дамыған сайын заңдар да заман талабымен үндесіп, жетіле түсетіндігі табиғи заңдылық.

Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңадан заңдар қабылданып, кейбір заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бір дәлелі қазіргі уақытта еліміздің құқықтық кеңістігінде кеңінен талқыланып, оны жүзеге асыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіле отырып, қолданысқа енгізілген ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

Жалпы әкімшілік әділет ұғымы сот орындары тарапынан әкімшілік органдар шешімдерінің заңдылығы туралы дауларды реттеу, жекелеген азаматтар мен әлеуметтік топтардың құқықтарын қорғау, судьялардың әкімшілік билік органдары шешімдерін талдау және жарамсыз деп тану, сот бұйрығын шығару арқылы атқарушы билік органдарының қызметіне бақылау жасау мүмкіндігін білдіреді. Оның тетіктері шешімдерді орындату, қажет болған кезде мәжбүрлеп орындату міндеттілігімен, жекелеген құқықтарды емес барлық құқықтарды қорғайтын кешенділік сипатымен, саясатқа емес, заңға негізделуімен ерекшеленеді. Бұрын мемлекеттік органға жекелеген азаматтар қарсы шыға бермейтін. Азаматтардың құқықтық жағынан әлсіздігі, арнайы заңнама-ның жоқтығы да кедергі болатын. Ал қазір Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы азаматтардың құқықтарын қорғауды жетілдіре түсті.

Егер азаматтар мен заңды тұлғалар әкімшілік органдардың шешімдерімен келіспесе, олар жаңа мамандандырылған әкімшілік соттарға шағымдана алады. Бұл ретте, ӘРПК-де соттың белсенді рөлі қағидаты



Дәурен КАРЫМБАЕВ,
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

енгізілді, онда сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинау мүмкіндігі бар. Судья да азаматқа талап қою талаптарын тұжырымдауда жердем көрсетеді. Кодекс азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастырып, бетбұрыс жасайтын тың заңнама, яғни, мамандандырылған әкімшілік сот құрылғаннан кейін сот өндірісінің «әкімшілік істер» атты төртінші түрі пайда болды. Олар заңды тұлға мен орган арасында туындаған жария-құқықтық даулар бойынша әкімшілік істерді қарайды. Демек, жеке немесе заңды тұлға әкімшілік органның шешімімен келіспесе, осы бойынша мамандандырылған әкімшілік сотқа талап қоюмен жүгіне алады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ДЕМОГРАФИЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– 8-9 қараша күндері өткен «Бедеулікті емдеудің қазіргі заманғы тәсілдері. ЖЖТ: Қазіргі және болашақ» атты XVI халықаралық конгреске Шымкент қаласынан бірталай маман келгенін байқадық. Бұл шараның дәрігерлерге берері не?

– Бұл шараға ҚР Парламентінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, еліміздің жетекші ғылыми және клиникалық орталықтарының басшылары ғана емес, еліміздегі акушер-гинекологтар, ЭКО орталықтары өкілдері, бедеулікті емдеумен айналысатын андрологтар, эндокринологтар, эмбриологтар, хирургтар, генетиктер мен молекулярлық биологтар қатысады. Оған Грузия, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан, АҚШ, Сербия, Израиль, Италия, Германия, Түркия және Румыния сияқты алыс-жақын шет елдердің репродуктивті технологиялар саласының мамандары да шақырылды. Сондықтан біздің мамандарымыздың да

өзге өңірлерімен салыстырғанда халық көп болған соң бұл көрсеткіш бізде жоғары болуы заңдылық. Әдетте, халық тығыз орналасқан ортада ауру да көп болады, оған өңірлік менталитеттің де әсері бар.

– Бала деген отбасын сақтайтын, оның беріктігін нығайтатын негізгі құндылықтың бірі ғой.


– Дұрыс айтасыз. Оған біздің оңтүстікте қатты мән беріледі. Еуропа елдерінде жұптардың үйленген соң 10-15 жыл баласыз жүре беруі қалыпты дүние. Олар «мен әлемді аралауым керек, карьера жасауым керек» деп ұрықтарын қатырып қояды. Бір-бірімізді жақсы көреміз деп 40-қа жақындағанда ғана «енді бала керек екен» деп ата-ана болуға қам жасайды. Біз күте алмаймыз. Негізі жаңа үйленген жұпқа қашан сәбилі боласындар деп ешкім тиіспеу керек. Олардың 1 жылда 75 пайызында жүктілік болады да, 15 пайызында болмайды. Бізде «әжем 80-ге келген еді. Сол кісі немере-шөбере көріп кетсе деп армандайды» деген сияқты әңгімелер көп айтылып,

сының қолдауымен арнайы мемлекеттік бағдарлама да қабылданғаны белгілі. Шымкент қаласындағы эко-орталықтар саны жеткілікті ме?

– Қазір қалада 4 экоорталыққа квота беріледі. Мемлекетке жалпы саны 7 мың квота бөлінеді десек, оның 1-1,5 мыңы Шымкент қаласының үлесіне тиіп отыр. Бізде ЭКО-ны республикалық маңызы бар 3 қала-

Мысалы, қазір Шымкентке Тараздан және еліміздің батыс өңірлерінен арнайы іздеп келіп ЭКО жасататындар бар. Яғни, мықты мамандар бізде жоқ деп ауызды қу шөппен сүрте алмаймыз.

Жалпы, белсіздікпен бедеулікке адамның жұтқан ауасы мен жеген тағамы да әсер етеді. Өйткені, қазір барлық жерге ғылым, химия араласты. Ұйқының бұзылысы бар деген сияқты. Түрлі энергетиктер де көп ішіледі. Соған сәйкес



Бағдат ДӘУКЕНОВ, уролог-андролог:

«МЕДИЦИНА ДАМУЫ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ДЕНГЕЙДЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК»

бедеулікті емдеуге қатысты толғақты мәселелер талқыға салынатын маңызды жиыннан шет қалмауы заңдылық. Тіпті кейбір әріптесіміз конгресс секцияларында білімі мен тәжірибесін бөліскен баяндамашылар қатарынан табылды. Жалпы мұндай халықаралық жиындардан аларымыз көп. Себебі, медицина қазір алға жылжып жатыр. Үздік тәжірибелерді бөлісу, ақпарат алмасу халықтың денсаулығын жақсартуда аса маңызды.

– Қазіргі диагностикалық әдістер бедеулік пен белсіздіктің негізгі себептерін анықтап, оны емдеудің әдістерін белгілеуге мүмкіндік береді. Әлем бойынша бедеулік пен белсіздіктің орташа көрсеткіші 15 пайыз деп айтылады. Бізде қалай?

– Иә. Алайда ол әр елде әртүрлі. Бір елде – 10 пайыз, бір елде – 15 пайыз, енді бір елде 20 пайыз деген сияқты. Зерттеулерге қарағанда балалы бола алмаған отбасылардың 50 пайызына әйелдер бедеулігі, 30 пайызына ерлер белсіздігі, 20 пайызына екеуінде де мәселенің болуы түрткі болатынын көріп отырмыз. Бедеулік пен белсіздіктің салдарынан балалы бола алмайтын отбасылардың орташа көрсеткіші біздің елімізде 18 пайыз деген дерек айтылып жүр. Республиканың

Біздің қалада урология, гинекология жағынан маман тапшылығы жоқ. Мәселе маманда емес, өз ісінің шыңына жеткен және оған жетуге талпынатын білімді де, білікті кадрларды табуда. Бұл барлық уақытта бар мәселе. Алайда, мәселені нақты шешіп беретін кәсіпқойлар қай кезде болмасын аз. Мысалы, қазір Шымкентке Тараздан және еліміздің батыс өңірлерінен арнайы іздеп келіп ЭКО жасататындар бар. Яғни, мықты мамандар бізде жоқ деп ауызды қу шөппен сүрте алмаймыз.

жастардың тағдырына үлкендер араласып кетеді. Сосын «бұл тумайтын әйел екен» деп жастардың арасына түсіп, ажырасуына себепкер болатындар бар. Кейін олардың қайтадан жаңа отбасын құрып, балалы боп жататын жағдайлары аз емес. Өйткені, үйленген жұптар балалы болмаудың себебін іздеп, бір-бірін кінәлап, оған ағайындары араласып, ұрыс-керіс туындаған соң 3-4 жылда ажырасып кетеді.

– Бала сүйе алмай жүрген отбасылар үшін Мемлекет басшы-

да ғана жасайды ғой. Басқа жерлер адам жинап, оларға жібереді. Менінше Шымкентке 4 орталық жеткілікті.

– Бедеуліктің азаймай отыруына маман тапшылығының әсері бар ма?

– Біздің қалада урология, гинекология жағынан маман тапшылығы жоқ. Мәселе маманда емес, өз ісінің шыңына жеткен және оған жетуге талпынатын білімді де, білікті кадрларды табуда. Бұл барлық уақытта бар мәселе. Алайда, мәселені нақты шешіп беретін кәсіпқойлар қай кезде болмасын аз.

артық салмақ көп. Яғни, адамды белсіздікпен бедеулікке әкелетін факторлар тым көп боп кетті. Мысалы, жастарда қазір ұрықтың мүлде болмауы жиі кездеседі. Күнде менің қабылдауыма осындай 2-3 адам келеді. Ол өте қиын аурулар.

– Бұл түйткілдің түйінін қалай тарқатып, шешуге болады?

– Өмір салтын өзгерту арқылы ғана шешуге болады. Баланы 1 жасқа дейін урологқа тексерту керек. Жұмыртқаға ұрық түспей қалатын ауру бар. Соны қадағалау керек. Сосын балалардың 13-14 жастағы жыныстық жетілуін қадағалау қажет. Қазір үйленіп жатқандар негізінен Кеңес одағы ыдыраған кезде туғандар. Ол кезде баланың жыныстық жетілуіне қарайтын ешкімде мұрша болған жоқ. Нарықтық қоғам енді қалыптаса бастаған, өте бір қиын кез еді. Көп отбасы күнкөріспен көп нәрсені өткізіп алды. Қазір соның салдарын тартып жатырмыз.

Тұрмыс-тіршілік ұқсас болғандықтан, Қазақстандағы ахуал көрші елдермен салыстырғанда деңгейлес. Мысалы, Өзбекстанда туу деңгейі бізден жоғары болғанымен, адамдардың аурудың алдын алу үшін тексерілуі бізде оларға қарағанда жақсырақ. Ерте анықтау да бізде жақсырақ.

– Денсаулықты бағалау бізде

қай өңірде жоғары деп айтуға болады?

– «Дәрігер емдейді, бірақ денсаулықты өзін жасайсын» деген сөз бар. Өке-шешесі баласының денсаулығын сақтауда жауапкершілікті өз мойнына алса, бәрі жақсы болады. Мемлекет тарапынан бәрі жасалып жатыр. Тегін ЭКО, скринг бағдарламалары, тексеріс бар. Олар 100 болмаса да 70-80 пайызға орындалып жатыр.

Денсаулықты бағалау шкаласы республика бойынша Алматы, Астана қалалары мен батыс өңірлерінде жақсырақ. Оңтүстік өңірлерде әлі той-томалақ көп. Халық қымбат нәрседен ақшасын аямайды да, денсаулыққа оны қимайды. Қоғамдық сананы өзгертуге уақыт керек.

– Қазір өз еліміздегі мамандардың біліктілігіне күмән келтіріп, шетелде қаралуға, емделуге деген әуестік бар. Өзге елдерде шынымен бәрі жақсы ма?

– Шетелде емделуге өте негативті қараймын. Өзім Австрияда, Түркияда, Кореяда, Ресейде болдым. Алып бара жатқан еш нәрсесі жоқ. Оларда кейбір аппараттар мен құралдар көбірек болуы мүмкін ота жасау жағынан. Әлемдік деңгейдегі мамандар бізде де бар. Бұл жерде пациенттерге елді емес, маманды таңдауға кеңес берер едім.

Мәселен, 2016, 2019 жылдары Оңтүстік Кореяда ресейлік азаматтың 10 мың долларға ота жасатып жатқанын көрдім. Оны емдеген дәрігері резидентке беріп қойған. Ол науқасты әбден қан-жоса қылып жатқанын көріп, жаным ашып кетті. Біз мұндай отаны одан жақсы істейміз. Бір салада әлемдік деңгейде мықты маман болса соған баруға болады. Ал анда арзан екен, мында арзан екен деп алашапқын болып, өзі білмейтін кездейсоқ біреуге өз өмірін сеніп тапсыру дұрыс емес.

– Медициналық туризм дегеннің өзі бизнестің бір түріне айналып кетті. Осының пайдасы бар ма?

– Медициналық туризмнің дамығаны жақсы. Бірақ ақша араласқан жерде, адамдықтың ұмытылатын кездері көп. Кейбір мамандар керек емес жерде ақша үшін ота жасап жібереді. Бұл мәселе мемлекет деңгейінде шешілу керек. Шетелде медициналық мамандардың мықты болатын себебі онда айлық өте жоғары. Олар қалай пәтеракы төлеймін, қалай жұмысқа қатынаймын деп алаңдамайды. Бүкіл әлеуметтік жағдайы жасалған. Қазір 10 жыл оқып, 180-250 мың айлыққа кез келген адам жұмыс істемейді. Тек бізде ғана жастар мемлекеттік мекемеде сондай болмашы айлыққа жұмыс істеп жатыр. Оларға жағдай жасалу керек қой. Медицина жақсы болу үшін мемлекеттік деңгейде қолдау керек.

– Сұхбатыңызға рақмет. Еңбегіңіз жемісті болып, үмітіңіз ақталсын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КӨКЕЙКЕСТІ

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

«Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтылмаған. Дені саудық – жаны сау. Оны басы ауырып, балтыры сыздамаған жан білмеуі мүмкін. Бірақ, дұрыс тамақтанбау, денсаулыққа көңіл бөлмеудің салдары ауыр.

Әсіресе өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, қызметіне жауаптылықпен қарауға тырысқан мемлекеттік қызметкерлердің күтінуге, дәрігерге қаралып, кеңес алуға, тіпті мезгілімен тамақтануға уақыты бола бермейді. Оны өз басымнан жақсы білемін. Мен де сот саласында қызмет етіп жүрген маманның бірімін. Жұмыс пен отбасының ортасында жүріп денсаулыққа мән бермедім. Шыны керек, қызметті де ақсатпаймын, шаңырақтағы жылуды да жоғалтпаймын деген әйелдердің өз денсаулығына назар аударуға мүмкіндігі бола бермейді. Соның салдарынан әйелдер жұмыс пен отбасындағы жарасымды тірлік үшін өзін құрбан етіп жатады. Ал денсаулықтың орнын толтыру өте қиын. Оны қазір өз басымнан біліп жатырмын.

Өкініштісі, біз алдын ала дәрігерге қаралып, аурудың алдын алуға салғырт қараймыз. Денсаулығымыз сыр беріп жатып қалмайынша теппендеп тірліктің қамымен жүре береміз. Ештеңе наздаламаса, еш жеріміз ауырмаса, дүниені төңкеруге, маңызды жұмыстар жасауға

Әлия БАЙБАТЫРОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған
ауданаралық тергеу сотының әкімшісі



дайынбыз. Ал ауру сенің жоспарыңа қарамайды. Сырқат келсе жұмыс түгілі, ешнәрсеге зауқың болмайды. Қай жерің ауырса, жаның сол жерде тұрғандай әсер етеді. Сондықтан «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» демекші, ауырғанда ғана ем іздемей, ауырмайтын жол іздеуге күш салайық. Дені сау, ешкімге ауыртпалық салмайтын адам ғана қоғамға пайдалы екенін ұмытпайық.

• ЖЕМҚОРЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлық дүниежүзіндегі мемлекеттердің алдында тұрған ең күрделі мәселенің бірі. Бұл мәселе Қазақстанда да өзекті. Себебі, әлемдік проблемаға айналған жемқорлық заңның үстемдік құруына кедергісін тигізіп, экономикалық даму мен әлеуметтік әділеттілікке нұқсан келтіреді. Аталған кеселмен күреске сот саласы да жіті көңіл бөледі.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯДЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің ең маңызды аспектісі сот процестерінің ашықтығымен байланысты. Бұл халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттырып, азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысуға ынталандырады. Соңғы жылдары Қазақстанда сот істеріне қолжетімділікті жақсарту, процестерді жеделдету және сыбайлас жемқорлықтың ықтималдығын азайту мақсатында сот жүйесін цифрландыру бойынша елеулі қадамдар жасалды. Мәселен, электронды сот ісін жүргізуді енгізу, электронды мұрағат, сондай-ақ, бейнеконференц байланыс жүйелерін құру істің барысын бақылаумен қатар, қоғамдық бақылауды да қамтамасыз етуде. Осындай шаралардың арқасында процеске сыртқы араласу мен мүдделі тараптардың айла-шарғы жасау мүмкіндігі азаяды. Сот шешімдерінің ашықтығы процесі бақылауға ғана емес, азаматтардың сот жүйесіне деген

сенімін арттыруға да септігін тигізеді.

Сонымен қатар, соттар сыбайлас жемқорлықтың төмен және жоғары деңгейіне қатысты істерді қарап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіруде құқықтық ұстанымды қалыптастырады. Бұл ретте сот тәжірибесі маңызды рөл атқарады. Соттар сыбайлас жемқорлық істері бойынша шешім қабылдау кезінде құқық бұзушыларға жаза тағайындап қана қоймайды, сол арқылы сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қояды. Бұл өз кезегінде судьялардан жоғары құзыреттілікті талап етеді, егер әділдік болмаса, тиімділік пайдасыз, өйткені, соттардың әділдігі ғана іс жүзінде тиімді және нақты нәтиже көрсете алады. Тағы бір айтарлығы, сот жүйесінің рөлі құқықтық нормаларды жүзеге асырумен шектелмейді, ол қоғамда құқықтық мәдениет қалыптастыруға да бағытталған. Соттар азаматтарға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіре

қысым болмаса, олардың әділ шешім қабылдауға мүмкіндігі артады, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тетіктерін барынша азайтады. Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, заңнаманы және кадр саясатын жетілдіру, сондай-ақ сот процестерінің ашықтығына қатысты шараларды ұдайы жетілдіру маңызды. Мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігері арқылы адал және ашық басқаруға ықпал ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ел азаматтары жаппай атсалысулары керек. Сонда ғана мемлекеттің дамуына кері әсер ететін кеселмен күрес шаралары нәтижесін береді.

А.НҮРБЕКОВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

• САНДЫҚ ЖҮЙЕ



Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының ұйымдастыруымен жаңадан ашылған «ShymkentHub» ғимаратында өткен айтулы шарада IT саласының жілігін шағын, майын ішкен сарапшылар мен бірегей компаниялар қатысып әлі сиясы да кеуіп үлгермеген жобалар көпшілік жұрттың назарына ұсынылды. Мұнымен қоса осыған дейін қала аумағында IT саласында іс жүзінде жүзеге асырылып жатқан жобалар мен жұмыстар, сондай-ақ білім көкжиегі кең әрі жаңашылдыққа құмар жастардың ортасына айналған ShymkentHub-тың әлеуеті жайлы жиналған қауымға толығырақ мәлімет берілді.

ТЫҢ ИДЕЯ МЕН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖАРЫСЫ

Форумның басты көздеген мақсаты да сол. Заманауи бағыттағы білімі мен біліктілігі, тың идеялары мен технологиялардың іс жүзінде пайдаланылып, халықтың игілігі үшін жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу. Мұны форумды ұйымдастырушылар да өз сөзінде атап өтті. Шарада, әсіресе, бүгінгі күні аса үлкен қажеттілікке айналған цифрлық технологиялар саласында сала мамандарының өзара тәжірибе мен идеялар алмасуы үшін ортақ алаң қалыптастыру, цифрлық шешімдердің жетістікке жеткен үлгілерін көпшілікке паш ету, Шымкент шаһарында тың жаңа технологиялық жобаларды дамытуға жастарды ынталандыру әрі халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру, цифрлық трансформация сарапшылары мен энтузиасттарының қауымдастығын құруға ынталандыруға бағытталған, – дейді форум ұйымдастырушылары.

Алдымен қалалық жастар ресурстық орталығында басталған форум одан кейін өңірлік технопаркте жалғасты. Цифрлық технологиялар басқармасы өкілдері, жастар және жалпы қала тұрғындарының басын қосқан форум барысында сан-салалы түрлі идеялар мен технологиялар көпшіліктің көзайымына айналды. Шара Шымкент қалалық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Мұхит Кемеловтің кіріспе сөзімен ашылды.

– Бүгінгі заманның талабына сай жаңа цифрлық технологиялар төрткүл дүниені бірге елімізде де кең көлемде қолданыс тауып жатыр. Сол сияқты өңірлік технопаркте де тұрақты түрде семинарлар мен арнайы тренингтер ұйымдастырылып келеді. Бұл кезекті форум саланы дамытуға зор серпін берері сөзсіз деген ойдамын. Тек сала мамандары мен компаниялар ғана емес жалпы қала тұрғындары да осы ортақ алаң хабқа келіп, өз жобаларын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндіктері бар екенін атап өткім келеді, – деді Мұхит Кемелов.

Форум барысында халықтың назарына көпшілікке осыған дейін де мәлім «Huawei technologies», «TAP GO», «Dahuatechnology», «Alaqa», «АзияШымСервис», «Transtelekom» компаниялары сияқты іргелі компаниялармен қатар әлі жобалары көпшілікке таныс емес бірақ смарт технологиялары мен идеялары аса үлкен мән-маңызы жоғары тырнақалды стартап туындылары көпшіліктің назарына ұсынылды. Жоба иелері мен саланың жетекші мамандары ұсынған цифрлық технологиялар мен жылдар бойы бар күш-жігері мен уақытын жұмсаған тәжірибелері мен әдістемелері туралы кеңірек таныстырып, оның алдағы маңызы жайлы әңгімелеп берді.

Мәселен, «Amanbau tech» компаниясының негізін қалаушы, информатика ғылымының магистрі – Ерсайын Аманбай жас та болса отыздан астам жобаға жетекшілік етіп үлгерген. Басынан бастаған Amazon Alexa ақылды үй құрылысы, жеткізуші тараптан тапсырыстарды басқару платформасы және тауарлар мен тапсырыстарды басқаратын ортақ платформалар көпшіліктің көңілінен шыққанын атап өткен жөн. Бұдан бөлек жас стартап көліктерді жалға беру және жалға алуға мүмкіндік беретін «Drivenow» жаңа платформасын да көпшіліктің назарына ұсынды. Жоба көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

Жергілікті билік өкілдерінің қатысуымен болған салтанатты шара кезінде қаланың цифрлық трансформацияланып тың өзгеріске түсуіне үлес қосып жүрген тұлғалар мен компаниялар сандық технологияларды енгізудің пайдасы мен нақты кейстерге басымдық бере отырып, өз жобаларының тұсаукесерін жасады. Бұл орайда ұсынылған жобалардың ақпараттық материалдар мен түрлі слайдтардың көмегімен ұсынылуы да жобаның мән-маңызы мен оның қажеттілігін дәлелдей түскенін атап өткен жөн.

Сандық технологиялар жайлы кеңірек қозғалған форумның ерекшелігі сол шара барынша еркін форматта болды. Жетекші сарапшылар сандық технологиялар жайлы баяндамаларын оқып, технологияны қолданудағы үздік тәжірибелерімен бөлісті. Шараға қатысушылар шара кезінде-ақ қатысушыларға өздерін толғандырған сауалдарын қойып, нақты уақыт режимінде бірден жауап алуға мүмкіндік алды. Ал форумның кезекті «KaHoob» ойынының ұйымдастырылуы қатысушылар үшін де, жиынға көрермен болып келіп отырған көпшілік үшін де аса қызық болды. Викториналық сұрақтар түрінде өткен ойында жеңімпаздар құнды сыйлықтарға ие болып, қатысып отырған барша көрерменнің де ыстық ықыласына бөленді.

Бағдарламаның келесі кезеңі Networking-сессиясында қатысушылар мен көрермен жұрт бейресми түрде тілдескен әңгімелесу алаңына айналып, жаңадан қолданысқа енгізілуі мүмкін цифрлық технологиялар жайлы өзара пікір алмасты.

Цифрлық жаңа технологиялар төрге озған форум барысында елдің дамуына тың серпін берер жаңа жобалар құруға жастардың ынтыасын туғызғаны көміл. Әрі халықтың басым бөлігінің сандық технологияларға қызығушылықтарын арттыруға ықпал еткені рас. Шара барысында кәсіби іргелі цифрлық технологияларды қолдануға енгізіп жүрген компаниялар мен белді тұлғалар, стартап жобаларын енді ғана жұрт назарына ұсынған жастармен кәсіби байланыс орнатты. Сондай-ақ Шымкент шаһарының цифрлық трансформация сарапшыларының жаңа қауымдастығы құрылды. Шара игілікке бастар жол ашқаны анық.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• БАСҚОСУ

Шымкентте ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен екі күндік лекторий өтуде.

Этносаралық қарым-қатынастар жайын қаузап, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын талқылайтын іс-шараға республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері, қалалық ҚХА жанындағы қоғамдық құрылымдар мен этномәдени бірлестіктердің төрағалары, белсенділері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысуда.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық құрылымдарының қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы рөлі» тақырыбындағы лекторийге Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Лугмар Буларов пен Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек арнайы қатысып, мемлекеттік этносаясат аясындағы негізгі басымдықтар туралы айтты.

– Ассамблеяның XXXIII сессиясында Мемлекет басшысы алда атқарылатын ауқымды жұмыстарды нақтылап берді. Халқымыздың азаматтық бірегейлігін нығайтатын негізгі идеологиялық тұжырымдарды айқындады.

Елдің бірлігі мен ынтымағын сақтау

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Марат СПАТАЕВ, Шымкент қаласы Жастар ресурстық орталығының басшысы:

«ӨЗ КӘСІБІН БАСТАҒАН ЖАСТАР КӨП»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен болған кездесуінде «Жастарымызға арнайы үндеу жолдағым келеді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан әрбір бастама, ең алдымен, сіздерге арналады. Қазіргі реформалардың игілігін көретін де, елдік істерді жалғастыратын да – сіздер», – деген болатын. Осы орайда еліміздегі үлкен мегаполис жастарының жағдайы қалай? Шымкент қаласында жастар саясаты қалай жүзеге асып жатыр? Шымкент қаласының Жастар ресурстық орталығының басшысы Марат Бахытжанұлымен арнайы сұхбаттасып, осы сұрақтарға жауап іздеп көрген едік.



– Өңірде жастар саясаты бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Жастар ресурстық орталығы жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес, өз жұмысын 11 бағыт бойынша жүзеге асыруда. Олардың әрқайсысын атап тұрып айтқым келеді. Өйткені, осы жүйелі жүргізілген жұмыстардың арқасында көптеген мақсаттарға қол жеткіздік.

I бағыт. Қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

II бағыт. Денсаулықты сақтау және көтермелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту;

III бағыт. Жастарды жұмысқа ынталандыру, жұмыспен қамту және жастарды жұмысқа орналастыру үшін ақпараттық жұмыстар жүргізу;

IV бағыт. Қаржылық, заңгерлік сауаттылықты арттыру және жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу;

V бағыт. Жас отбасылар және жұмыс істеп жүрген жастар үшін қолжетімді тұрғын үй жүйесі және рухани әлеуетін дамыту бойынша насихат жұмыстарын жүргізу;

VI бағыт. Құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу;

VII бағыт. Деструктивті діни ағымдар жайлы ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

VIII бағыт. Мәдени, рухани, дарынды жастарды дамытуға жәрдемдесу, бос уақыт пен демалыс үшін жағдайлар жасау;

IX бағыт. Жастар арасында психо-профилактикалық насихат жұмыстарын жүргізу;

X бағыт. Экологиялық мә-

ЕЛ БІРЛІГІНЕ ҮНДЕГЕН ЕКІ КҮН



– бізге жүктелген ең басты міндет. Бұл тұрғыда баршаңыз татудық жолын жалғауға лайықты үлес қосады деген ойдамын. Бүгінгі лекторий осы мерейлі міндетті атқару жолындағы бірқатар белестің бір парасы, – деді Сәрсен Абайұлы.

Айта кетейік, еліміздің үшінші мегаполисі – Шымкент қаласындағы лекторийде профессор, Қазақстанның халық әртісі Тілектес Мейрамов, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі, Астана қаласындағы «Ахысқа» түрік этномәдени орталығының төрағасы Аскер Пириев, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚМУ-дың департамент директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Қайрат Анарбаев, Шымкент университетінің факультет деканы, география ғылымдарының кандидаты Алтынбай Сәу-

лембаев қоғамдық келісімді сақтау және нығайту жайында сөз сөйледі.

Тыңдаушыларға мемлекеттік саясат аясындағы мақсат-міндеттер мен қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінің маңызды тұстарын түсіндірді.

Лекторий кезінде жалпыұлттық бірлік пен этносаралық диалог қағидаттарын ілгерілету, этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілдің рөлін көтеру, ксенофобия мен кемсітушіліктің алдын алу мен болдырмау, ҚХА жанындағы қоғамдық құрылымдардың әлеуетін тиімді қолдану жайында оң тәжірибелер айтылып, пайдалы кеңестер ұсынылды.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

дық жұмыс», «Алғашқы бос жұмыс орны», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту», «JUMYSTAR», мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық түсіндірме жұмыстары қаламыздан шалғай орналасқан шағын елді мекендерде қалалық еңбек мобильді орталығы және жұмыс беруші компания, мекемелермен бірлесіп, бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ ЖОО және ТЖОББ студенттері арасында жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

– Аймақта жастарға қандай көмек қарастырылған?

–Қала жастарына жұмыспен қамтудың белсенді шаралары мен 2,5% пайыздық жеңілдетілген несие бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, «Қарызсыз қоғам», «Интернеттегі алаяқтық», «Жарқын болашақ», «Білімнің күні жарық», «Blith», «Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу» акциялары аясында әртүрлі сала мамандарымен бірге мастер-класстар, семинар-тренингтер ұйымдастырылды.

– Жастардың кәсіппен айналысуына жағдай жасалған ба?

– Жалпы бізде «Кәсіпкер күнделігі» шаралары ұйымдастырылады. Онда мемлекет тарапынан қайтарымсыз грант жеңіп алып, ары қарай өз жұмыстарын дамытып жүрген кәсіпкерлер жастарға өз кәсіптерін ашып, дамытуға кеңес беріп, тәжірибесімен бөліседі. Сонымен қатар, қаладағы жастарға өзін-өзі жұмыспен қамту шаралары бойынша арнайы қысқа мерзімді оқытулар және кәсіптік деңгейді арттыру мақсатында семинар-тренингтер жыл басынан бері еңбек мобильділігі орталығымен бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты түрде тоқсан сайын оқытулар жүреді. Қысқа мерзімді оқуды аяқтаған жастар арнайы мансап орталығы ұсынған жұмыс орындарында жұмыс атқарып келеді. Мысалы: кондитер, шаштараз, тігін тігу сынды қызметтер. Және жыл басынан бері жас кәсіпкерлерге арналған 1 400 000 қайтарымсыз несие 2 рет ұйымдастырылып, 300-ге жуық жас өз кәсібін бастап, жұмыс атқаруда.

– Сұхбатыңызға рақмет. Істеріңіз өрге басын!

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

• ПІКІР

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ХАЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Қазақ тілінің құдіретін қанша сөзбен айтсақ та жеткізу мүмкін емес. Кезінде талай ғалым, жазушы, зерттеушілер осы қазақ тілінің қандай көркем тіл екенін айтқан еді. Соның бірі Платон Мелиоранский «Қазақ тілі түркітілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің қас шебері. Қазақтар халық әдебиетіне аса бай, әрі жан-жақты» деген.

Расымен де, қазақ тілі сүбелі сөзге, мақалға, шешендік сөздерге бай. Ана тіліңмен қатар басқа халықтың тілін білу, сол елдің тіліне көшті деген сөз емес, ол адамның өз-өзін шыңдауы. Тіл тұғырының биікке көтерілгені, халық мәртебесінің жоғарылауы. Өз

тіліміздің қадірін біліп, байлығым деп санасақ, мемлекет ішінде тіл мәселесі көтерілмес еді. Біздің Туымыз, Елтаңбамыз, Өнұранымыз, мемлекеттік тіліміз ұлтымыздың көкке ұстар тірегі. Мемлекеттік тіл де егемен еліміздің негізгі рәмізінің бірі.

Тіл – ұлт пен ұлтты жақындастыратын ең үлкен қатынас құралы. «Ұлтың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйене отырып, тілімізді ұлтымыз мен отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

А.ТҰРАҚБАЕВА
Ақтау қаласы №2 соты
әкімшісінің басшысы

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, былтыр Шымкент қаласында жан басына шаққанда азық-түлік өнімдерін тұтыну еліміздегі ең төменгі деңгейде болды.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Атап айтқанда, ел аумағында көкөністерден (82,8 кг) төртінші, нан өнімдері мен жарма өнімдерінен (127,6 кг) бесінші орында тұрған республикалық маңызы бар бұл қала балық және теңіз өнімдері, ет, сүт, қант, кондитерлік өнімдерді тұтытуда ең соңғы орында тұр.

Егер әрбір азық-түлік түрі бойынша жан басына шаққандағы орта-

ша республикалық және өңірлік көрсеткішке көз жүгіртер болсақ, мына жағдайды байқауға болады. Көкөністерді тұтыну республикада 78,5 кг болса, Шымкентте 82,8 кг-ды, ал нан өнімдері мен жарма өнімдерін тұтыну республикада 124,3 кг болса, Шымкентте 127,6 кг-ны құрады.

Шымкенттіктердің ас мәзірінде балық және теңіз өнімдері де өзге ай-

мактармен салыстырғанда аз. Республикадағы орташа көрсеткіштен 2,5 есеге кем. Ет өнімдерінің жан басына шаққандағы жылдық орташа көлемі былтыр республикада 80 кг болса, Шымкентте 57,8 кг-ны ғана құрады.

Шымкенттіктердің дастарқанында сүт пен сүт өнімдері де аз. Ел тұрғындары жылына орта есеппен 227,1 кг тұтынса, шым қаланың тұрғындары 155,6 кг-ны қанағат тұтып отыр. Қант, джем, бал, шоколад, кондитерлік өнімдер тұтыну республикада 42,3 кг болса, Шымкентте 32,4 кг. Май және тоңмай тұтыну республикада 15,6 кг болса, Шымкентте 13,2 кг болып отыр. Картоп тұтыну республикада 44,9 кг болса, Шымкентте 38,6 кг құрайды. Жұмыртқа тұтыну республикада 201,9 кг болса, Шымкентте 181,9 кг.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӘРТҒҰРЛІ

2. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі оған«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін, «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Талдықорған қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Талдықорған қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Ш.Уалиханов көшесі, 179 мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 87717461699.

16. Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Центр оказания специальных социальных услуг №5» КММ (БСН 060440006668) «Центр оказания специальных социальных услуг №6» КММ-не (БСН 240640030993) қосылу арқылы қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Орангай ауылы, Бейбітшілік көшесі, 56А.

3. «Коллекторское агентство ФА Альянс Финанс» ЖШС (БСН 170240023594) сізде банк қарызы немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау шарттарын өзгерту туралы өтінішпен Коллекторлық агенттікке жазбаша түрде және (немесе) kaaf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы жүгінуге құқығыңыз бар екенін қайта еске салады. Бұл мүмкіндік Қазақстан Республикасының «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 6-1-бабына сәйкес ұсынылған.

15. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотымен, Алматы қаласы, Қарасу ықшам ауданы, Шоссейная көшесі, 17 үй, 2 пәтерде тұратын Татьяна Владимировна Шулердың арызы бойынша, 1974 жылдың 10 қыркүйегінде туған Андрей Владимирович Волковты қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған.

Осыған орай, хабарлама шыққан күннен бастап үш ай ішінде, 1974 жылдың 10 қыркүйегінде туған Андрей Владимирович Волковтың қай жерде жүргені жайлы мәлімет білетін тұлғалар болса, Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына, мына мекенжай бойынша хабарлауын өтінеміз: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шанырақ-2 ықшам ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26/1 үй, тел. 8 777 206 61 56.

21. ЖШС «ALTYN ADAM инновациялық мектебі» БСН 240940001524 өзінің жарғылық капиталы 5 612 112 716 (бес миллиард алты жүз он екі миллион жүз он екі мың жеті жүз он алты) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі, Өрікті ауылы, Есік-Александровка 8 км тас жолы, 4А құрылысы.

22. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 847 қаулысының негізінде «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (ЖСН 050240005531) оған «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесін (ЖСН 141140012860), «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Қарағанды қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін (ЖСН 240340003467) және «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағы (Қарағанды қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесін (ЖСН 240240037956) қосу жолымен қайта ұйымдастыру жүргізілуде.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Мұстафина көшесі, 4 үй мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: +7 (7212) 50-04-70.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 2024 жылдың 6 мамырында қайтыс болған Шалбай Алмат Тұтанбайұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

5. 2024 жылдың 11 мамырында қайтыс болған Басықараев Ғалымжан Есмаханұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 2024 жылдың 10 мамырында қайтыс болған Мамбетова Акмарал Сериковнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3-үй мекенжайы бойынша нотариус Жулдыбаева Акманат Рыспековнаға хабарласуларын сұраймыз.

7. 2024 жылдың 7 мамырында қайтыс болған Нуров Отеули Нысаналиевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3-үй мекенжайы бойынша нотариус Жулдыбаева Акманат Рыспековнаға хабарласуларын сұраймыз.

8. 2024 жылдың 17 шілдесінде қайтыс болған Далдабаев Габит Самитовичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлер немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус К. Кенесбайқызына хабарласуы керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 28Ү. Тел. 8 778 125 76 06.

11 2024 жылдың 18 мамырында қайтыс болған Ауелбеков Назарбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ТАРАТЫҒУ

9. «Тұран құрылыс строй» ЖШС (БСН 220440000198) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, С. Мұқанов көшесі, 50-үй, тел. 87081138084.

10. «Golden Bota» ЖШС (БСН 160740012723) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Кисловодская көшесі, 42-үй, 12-пәтер.

12. «ReBorn» ЖШС (БСН 180640014086) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жангелдин көшесі, 52/40-үй, тел. 87017570504.

13. «RW Supply» ЖШС (БСН 200740021673) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 15-үй, тел. 87011705505.

14. «Гуру Кар» ЖШС (БСН 190440024741) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тарас Шевченко көшесі, 10-үй, 26-пәтер, тел. 8777-228-76-36.

17. «Қақар-Аружан» ЖШС (БСН 190540024210) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қоғам ауылдық округі, Талапты ауылы, Жиренбаев көшесі, 30-үй, пошта индексі 160706.

18. «КАНЫБЕК ТОО» ЖШС (БСН 180440021587) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Талапты ауылдық округі, Көкмардан ауылы, Мінайдар Қарамолдаев көшесі, 5-үй, пошта индексі 106708.

19. «Ескі құрылыс» өндірістік кооперативі (БСН 061040009771) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қарақоңыр ауылдық округі, Бестораңғыл ауылы, Ә.Исабаев көшесі, 21 үй.

20. «Dalagro» ЖШС (БСН 240240035682) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: СҚО, Ғабит Мүсірепов ауданы, Гаршино ауылы, тел. 87164398337.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолықн көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@gmail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PU» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8090704.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7035306918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, (87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қидырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Теле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

*(Жалғасы. Басы өткен
№84–87 сандарда)*

Жиені сол кеткеннен бір аптадан кейін бір-ақ келді. Өңі қарауытып, басы салбырап кеткен. Жиенінің мына түрін көріп:

– Ау, жиенжан, не болды? Өңің сынық қой, – деп сұрады.
– Аға, өткен түндегі қонақтарымыздың бірі сіздің үстіңізден арыз жазыпты. Кеше үйге полиция іздеп келді. Мен сізді Москвадағы қарындасына қыдырып кетті деп айттым. Біразаға дейін үйге келменіз. Бәрі ұмытылсын, – деді.
– Ойбай, қайда барам мен, – деді ағасы көзі алақтап.
– Мына үйді үш айға жалға аламын. Алаңдама. Мен ана қызды іздеп тауып, арызын қайтып алуға көндіремін. Сіз осы үйден шықпаңыз, – деді.
– Жарайды, жиенжан, өзің реттерсің, – деп ағасы сол үйде қалды.

Жиені кеткен бойда араққа бас салды. Суға да түспеді, есік алдына да шықпады. Тек жатып ішті. Бір аптадан кейін үйдің иесі келіп:
– Жалға алған уақытыңыз бітті. Үйді босат. Мына үйді мал-қора етіп жіберіңіз! – деп ұрысты.

– Үш айға жалға алып едік қой, – деді ағасы түк түсінбей.
– Қайдағы үш ай. Бір аптаға ғана төледі. Давай, шық, – деп еңгезердей жуан әйел киімдерін өзі жинап, пакетіне салып берді.

– Токтай тұр, – деген аға мұздатқышта қалған шөлмектері мен азын-аулақ оны-мұнысын салып алып, шығып кетті. Жиенім келіп қалса мені таба алмай қалар деп, сол үйден алыстап кетпеді. Түнде жаздық сәкінің үстіне киімдерін төсеп жіберіп ұйықтап шықты. Осылай тағы бір апта өтті. Пакетіндегі тамағы мен арағы да таусылды. Жиені сол кеткеннен мол кетті. Ақыры болмаған соң не де болса көрейін деп Алматыға келді. Үйіне келсе есікті үй жөңдейтін жұмысшылар ашты.
– Сендер кімсіңдер? – деді Андрей ештеңе түсінбей.
– Үйге ремонт жасап жатырмыз, – деді жұмысшы.

– Сергей қайда? – деді аға.
– Қандай Сергей?
– Менің жиенім.
– Бұл үйдің иесі Айжамал деген әйел. Сергей дегенді көрген жоқпыз, – деген жұмысшы: – А, әне, өзі де келе жатыр, – деп Айжамалды көрсетті. Айжамал Андреяға көз тастап қарамастан үйге кіре берді. Сол кезде Андрей:

– Сен кімсің? – деп сұрады үйіне кіріп бара жатқан әйелден.
– Кім екенім саған не керек? – деді Айжамал түсінбей.
– Мынау менің үйім, – деді Андрей.
– Қайдағы сенің үйің. Бір апта бұрын сатып алдым, – деді Айжамал көзі бақырайып.

– Қалай сатып алдың? Бұл менің үйім. Атам заманнан осы үйде тұрамын. Қазір көршілерімнен сұра, – деп көрші үйдің есігін қақты. Көрші үйден шыққан жігіт:

– Сәлеметсіздер ме! – деп амандасып еді. Андрей бірден:
– Қайрат, айтшы мына үйде мен тұрам ғой, – деді.
– Иә, бірақ сізді үйін сатып Москвадағы қарындасына кетті деді жиеніңіз, – деді.

– Сергей ме? Ол оңбаған алаяқ екен. Бәсе, қайдан шыққан жиен десем, – деп айғайлады Андрей. Айжамал жалма-жан біреуге звондап:

– Мына жақта бір кісі келіп, үй менікі деп айғай шығарып жатыр. Бұл не сұмдық! Үйдің құжаттарын алып тез кел, мына кісі көрсін! – деп айғайлады.

Арада жарты сағат өткенде бір жігіт сату, сатып алу құжатын алып келді. Құжатта Андрей Андревич үйін сатқан деп жазылып тұрды. Андрей «жиенінің» сазға отырғызып кеткенін түсінді. Дереву аудандық ІІБ жүгірді...

Одердің тобы

Үйдің қоңырауы қағылды. Жасы сексенге келіп қалған Людмила Александровна үстіндегі екі қабат көрпенің

біріншісін ашты, артынан екіншісін ашып бір қырына қарай құлап кететіндей қисайып барып орнынан тұрды. Қоңырау үзік-үзік болып тағы соғылды.

– Не деген мазасыз адам, – деп белін жазып біраз тұрды да, қалың жүн шұлық киген аяғын санап басып есікке қарай жүрді.

Тағы қоңырау соқты. Людмила Александровна көзшеге үңілді. Ар жақтан:
– Людмила Александровна, мен учаскелік полиция Мәди Молдаұлымын.
– Өрі қарай тұр, көрейін.
Учаскелік полиция екенін көргенде есікті ашты.
– Есікті өзіңіз ашып тұрсыз ба? Немерелеріңізді жұмсамайсыз ба? – деді учаскелік полиция.
– Қайдағы немере? Немере түгілі, баланы көрмегелі қай заман.
– А-а-а, бала қайда кетті?
– Өз қолы өз аузына жетті. Енді оған шешенің не керегі бар?

есігі жабық тұрған екі бөлмеге көз жүгіртіп қарап шықты да:

– Мына есіктерді ашып қоймайсыз ба? – деп сұрады.

– Жауып қой. Сол жақтан азынап жел соғады да тұрады. Аяғым ауырады.

– Терезелерін жел соқпайтындай бекіту керек, Сәуле, – деді учаскелік полиция тапсырма беріп.

– Жақсы, жақсы, көмекке қыздар шақырып, бекітіп береміз.

Людмила Александровна кәдімгідей риза болып қалды.

– Жарайды, жақсылап танысып алсаңыздар, осы кісімен әрі қарай жұмыс істейсіз, Сәуле. Келесі үйге барайық, – деді.

– Людмила Александровна, жақсы, сау болыңыз, ауырмаңыз, мен ертең келемін, – деді Сәуле. – Орныңыздан тұрмай-ақ қойыңыз, мен қазір есік аузындағы кілтті алып, сізді сыртыңыздан жауып кетем де, өзіме бір кілт жасап аламын, – деді.

Людмила Александровна «неге кілт жасайсың» деп сұрағысы келіп аузын аша беріп еді, оны сөйлетпей:

ҚАРАД ПОТАРИУС

(Деректі детектив)



Людмила Александровнаның есік алдында тұрғанына қарамай учаскелік полиция үйге кірді. Сол кезде қалт-құлт еткен әйел кейін шегінді. Полицияның артынан бір әйел кірді. Әйелді көрген Л.Александровна бірдене дейін деп еді, учаскелік полиция:

– Людмила Александровна, мынау әлеуметтік көмекші. Аты – Сәуле. Дәрі-дәрмек, азық-түлік әкелу керек болса хабарлассаңыз болады.

– Ө-ә-ә, – деп Л.Александровна Сәулені зерттегендей ұзақ қарады. Сәуле де: – Танысканым қуаныштымын, Людмила Александровна, денсаулығыңыз қалай? – деп сұрады.

– Денсаулықтың несін сұрайсың? – деп тәлтіректеп барып бағана тұрған диванына отырды. Сәуле асүйді қарап шықты да:

– Людмила Александровна, шәйнек сүп-суық, азаннан бері шәй ішпегенсіз бе? Қазан да бос тұр. Бұлай болмайды, күтіну керек, – деп жанашырлық танытып, қасына келіп отырды.

– Жалғыз өзің болған соң ештеңе батпайды, – деп ескі диванның қасындағы тумбаның үстіндегі дәрілерін көрсетті.

– Тек дәрі ішіп жата беруге болмайды. Аулаға шығып, табиғаттан Д дәруменін алу керек. Былай істейміз Людмила Александровна, мен ертең шәйға тәтті-мәтті алып келемін, бірге шәй ішеміз.

Көптен мұндай жылы сөз естімеген Людмила Александровна кәдімгідей кемсеңдеп, көңілі босап кетті.

Сәуле мен Людмила Александровна сөйлесіп отырғанда учаскелік полиция

– Жақсы, онда кеттік, – деді учаскелік полиция.

– Кеттік, кеттік, – деп Сәуле де орнынан атып тұрды.

Людмила Александровна сол күйі сұрағысы келген сұрағын сұрай алмады. Тек кілттың сықырлаған дыбысын естіп, біртүрлі уайымдап қалды.

Ертесіне кейуана ерте оянды. Жүрегі қатты тарсылдап жатыр екен. Орнынан тұрмай ұзақ жатты. «Сәуле қашан келер екен» деп ойлады. Жүрегі басылмаған соң орнынан тұрып валидол іздеді. Сәуле келгенше жата тұрайын деп еді көзі ілініп кетіпті. Тұрса түс болып қалыпты, Сәуле әлі жоқ. Жүрегі тағы да тарсылдап жатыр екен.

– Маған не болды өзі? Біреуді күтсем, баламды ойласам жүрегім атқақтап кететіні несі? – деп күбірлеп жүріп бағанағы асүйде қалған валидолын ішейін деп барса Сәуле жүр екен. Қатты қуанып кетті.

– Сәуле! – деп туған қызын көргендей қуанды. Сәуле де мәз болып:

– Қалайсыз, Людмила Александровна, – деп келіп құшақтай алды.

– Біреуді күтсем жүрегім тарсылдап кетеді, – деп Людмила Александровна да Сәулені құшақтап күлді. – Таңертең мына жерде валидол қалып еді деп үстел үстін қарады. Валидол жоқ. Бірақ бір батонды турап қойыпты. Қасында «Қазақстан» шоколады тұр.

– Шәй дайындап оятайын деп едім, – деді Сәуле.

– Валидолды көрмедің бе?

– Жоқ, көрмедім. Байқамай қоқысқа тастап жібермесем. Бірақ мен мына

жерді жинап, қоқысты төгіп келдім. Қазір шәй ішіп алайық, сосын жүгіріп барып сатып әкелем, – деп Людмила Александровнаны итергендей етіп әкеп орындыққа отырғызды да шәй құйды.

– Міне, мына батонмен, шоколадпен шәй ішіп алайық, – деп кесеге қызыл шәй құйып, шоколадты аша бастады.

Людмила Александровна осы шәйді қатты күтіп еді. Рақаттанып ыстық шәйді үрлеп ішті де:

– Көп болды шәй ішпегеніме, – деді.

– Енді күнде-күнде ішесіз, – деді Сәуле күлімсіреп.

– Батоннан жеңізші. Жұп-жұмсақ. Ертең қаймақ ала келемін.

Людмила Александровна батонның бір шетінен үзіп алып аузына салды да:

– Батонның дәмі өзгеріп кеткен бе? – деді.

– Сіз үнемі дәрі ішіп дәм айыра алмай қалғансыз. Жаңа сіздің алдыңызда батонның екі кесегін жеп алдым, – деп жымиды Сәуле.

– А-а-а, іш-іш, жассың ғой, біз жас

кезімізде тамақты көп ішетін едік, – деген әйел батонның біртүрлі дәмін шәймен кетіргісі келгендей бір малып алды.

– Иә, иә, шәйға батырып ішініз. Менің әжем де шәйға батырып жегенді жақсы көреді. Сізге қарап әжем есіме түсіп кетті, – деп мәз болды Сәуле.

– Азанда оянып кетсем жүрегім қатты тарсылдап жатыр екен, – деді Людмила Александровна.

– Қуанасыз. Мүмкін балаңыз іздеп келетін шығар, – деді Сәуле.

– Бала іздеп келмейді, – деп көңілі түсіп қалды Людмила Александровнаның.

– Жақсы, жақсы, мен сіздің көңіл-күйіңізді түсіріп жібердім-ау деймін. Келіңізші, батонмен тағы бір кесе шәй ішіңіз, сосын далаға шығып таза ауа жұтып демалып келеміз, – деді.

– Мына жерім біртүрлі болып барады, – деді Людмила Александровна.

– Енді сіз көптен бері ыстық шәй, дұрыс тамақ ішпедіңіз. Тек дәрі іштіңіз. Содан ғой, – деп қыстап отырып, тағы жарты кесек батонмен шәй ішкізді. – Шәйдің дәмі біртүрлі ме, әлде батонның дәмі біртүрлі ме? – деді Людмила Александровна. – Сен неге өзің ішпей отырсың?

– А-а-а, мен жаңа ғана ішіп алғам. Сізбен бірге де ішейін деп, – Сәуле өзіне де шәй құя бастады.

– Сәуле, мына жерім қатты ауырып барады, жедел-жәрдем шақыршы, – деген Людмила Александровна бүктетіле берді. Сәуле орнынан тұрып:

– Қазір, қазір, жедел-жәрдем шақырамын, жүріңіз, диваныңызға жатыңыз, – деп қолтықтап, ортаңғы бөлмеге қарай жетектей жөнелді.

– Бүріп барады, – деді Людмила Александровна.

– Қазір жедел-жәрдем келеді де екпе егеді, бірден жазылып кетесіз. Түк ішпеген соң асқазаныңыз көтере алмай қалған ғой, – деп Людмила Александровнаны орнына жатқызды. Қиналған әйел ыңырысып:

– Телефон әне тұр, – деді.

Бірақ Сәуле телефонның тұтқасын көтеруге асықпады. Асүйге кетіп қалды. Людмила Александровна «бұнысы несі» деп күдіктене бастады. Сәуленің асүйде сартылдатып ыдыс жуғанын естіді. Бір кезде қайтып келді де:

– Қоймады ма? – деп сұрады. Бұл басын шайқады. Сонда ғана:

– Жедел-жәрдем шақыру керек, – деп трубканы алып, ары қарап тұрып:

– Алло, алло, жедел-жәрдем бөлімшесі ме? Мен әлеуметтік көмекші Сәуле Сұраншинамын. Жароков көшесі 20 үй, 12 пәтердегі Людмила Александровна қатты ауырып қалды. Аяқ асты шәй ішіп отырды да, бірден бүктетіліп ауыра бастады. Тез келмесеңіздер болмайды. Жасы 85-тегі кісі көтере алмай қалуы мүмкін, – деп телефон тұтқасын қойды да: – Қазір жедел-жәрдем келеді, – деп жұбатты. Людмила Александровнаның

да көңілі енді орныққандай. Жаңа ғана күдіктенгенінен ұялып Сәуленің қолын қысты.

– Жедел-жәрдем келгенше үйді жинастырайын, – деп Сәуле шығып кетті. Людмила Александровна Сәуле сыртқа шығып кеткендей болды.

– Сәу-ле, – деді бөліп-бөліп. Ешкім жауап бермеді. Көкірек тұсы барған сайын дуылдап, ішінен бірдене күйдіріп барады. Людмила Александровна жерге аунап түсті. Жүрегі тарсылдап, бағанағыдан да жаман алқынып барады. Біраз демалып алып телефонға қарай еңбектеді. Орындықтың үстіндегі телефон трубкасына қолы жетпеді. Қолын көтерейін десе кеудесіндегі оттай қарыған ауру асқынып, қарын көтере алмады. Болмаған соң шнурынан тартып құлатты. Ескі телефон шашылып түсті. Трубкасын көтеріп еді, дыңылдап жүр. Бірақ кнопкасы ішіне кіріп кетіп басылмады. Өрі басып, бері басып, ала алмаған соң тастай салды. Трубка дыңылдап қала берді.

– Сәуле аптекаға кетті-ау деймін, – деді...

...Арада он шақты күн өткенде Бостандық аудандық ІІБ-не біреу телефон соқты:

– Мен сізге Жароков көшесі 20 үйден телефон соғып тұрмын. Көрші үйден жаман иіс шығып жатыр. Подъезді алып кетті. Людмила Александровна деген жасы үлкен орыс апа тұратын еді, сол кісі қайтыс болып кетті-ау. Соңғы уақытта ауырып жүрмін деп үйінен шықпай қалған. Келесіздер ме? – деді.

– Қазір төтенше жағдай және жедел-тергеу тобы барады. Күтіңіздер.

...Людмила Александровнаның үйінің есігі аңқайып жатыр. Іште Бостандық аудандық ІІБ тергеушілері жүр. Көршілер аузын басып, есік алдында мойын созып қарап тұр. Бір-біріне:

– Баласы қайда екен? – деп сұрап қояды.

– Ішіп кетті деп айтатын. Бір жерде бомж болып жүрген шығар.

– Е-е-е, орыстар осы ғой, – деді бір қазақ келіншек. – Қартайған әке-шешесін тастап кете береді.

Бір кезде ұзын бойлы, кара торы кісі келді де есік алдында тұрған кезекші сержантқа куәлігін көрсетіп ішке кіріп кетті. Бұл ПД-дан келген Жабинов еді.

Сол уақытта жедел-жәрдем қызметкерлері де Людмила Александровнаның денесін алып шықты. Бостандық аудандық тергеуші Азамат Кидирсиховтан ПД келген аға опер Жабинов:

– Не болған? Қылмыстың ізі бар ма?

– деп сұрады.

– Телефонмен звондағысы келген. Шамасы жедел-жәрдем шақырғысы келген шығар. Өзі жерде жатыр. Қасында телефон сынып жатты. Үстелдің үстіндегі телефонды тартып құлатқан секілді. Ана жерде ішкен дәрілері тұр. Денесін морғқа жібердік. Еті бұзылып кеткен, – деді тергеуші.

Жалғыз қалған Жабинов шкафтарды ашып қарай бастады. Ұзақ іздемеді. Тартпаның түпкі жағынан көк пакетті бірден тауып алды. Тапқан пакетін папкасына салды да сыртқы есікке сүргі соғып кетіп қалды.

Аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкіл Жабинов Одер тергеу басқармасында жұмыс істейді. Кезінде өзі соттап жіберген адамдардан қылмыстық топ құрған.

Бұл топты – «менттер» немесе «Одердің» тобы деп атайды. Жабинов Одер – полиция қызметкері, жедел уәкіл болғандықтан Қазақстан Республикасының кез келген азаматының жеке деректері сақталған жабық деректер базасын қарай алады. Одер туған-туыстары, бала-шағасы жоқ адамдардың үйінің құжатын қайта жасап, сатқан. Қайтыс болған (көзі тірі кезінде жалғызбасты болған) меншік иесілерінің пәтерлерін арсыздықпен қолға түсіріп, құқық белгілейтін құжаттарды қолдан жасаған. Кейінірек анықталғандай, жалғызбасты адамдарды өздері өлтірген, олардың бәрі белгісіз заттан уланып өлген. Олардың тамағына труба тазалайтын «Крот» қосып берген. Адам ағзасындағы кротты анықтау мүмкін емес. Алты айдан кейін крот өз-өзінен денеден шығып кетеді.

Әдiна ӘБДІБАЙҚЫЗЫ
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадиір Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты тапалап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31